



№ 5 (9090),  
жұма, 13 ақпан  
2026 жыл

## шығымасы

Eskeldi\_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

Құрметті Үкімет мүшелері және жиынға қатысушылар!

Беріңізге мәлім, Қазақстан өтпелі кезеңге аяқ басты. Біз ел тағдырына әсер ететін ауқымды өзгерістерді жүзеге асырып жатырмыз. Қызылордада өткен Ұлттық құрылтай отырысында конституциялық реформаның маңызды тұстары туралы айтқанды білесіздер. Қоғамда кеше ғана емес, жарты жылдан бері Конституцияға қатысты жан-жақты пікір алмасу жүріп жатыр. Барлық ұсынысты жүйелеп, саралау үшін 130 адамнан тұратын Конституциялық комиссия құрылды. Бұл – ауқымды жағынан да, кәсіби деңгейі тұрғысынан алып қарасақта, еліміз үшін теңдесі жоқ комиссия. Осы жолы Комиссия құрамында шетел мамандары жоқ.

Жалпы, былтыр қазан айынан бастап азаматтарға өз пікірін білдіруге толық мүмкіндік берілді. Сол уақыттан бері eGov және eOtinish мемлекеттік цифрлық платформалары арқылы бірнеше мың ұсыныс келіп түсті. Комиссия өтініштің бәрін мұқият қарап, қорытып, тиісті түзетулерді әзірледі. Конституциялық комиссияның жұмысы барынша ашық жүргізілді. Мұны айтып өту өте маңызды. Себебі еліміздегі реформалар бұрын-соңды ешқашан дәл осылай жан-жақты талқыланып, тікелей эфир арқылы жұртшылықтың назарына ұсынылмаған.

Біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» ретінде цифрлық платформаларды кеңінен қолдандық. Конституциялық реформаға байланысты азаматтармен байланыс желілері тиімді жұмыс істеді. Соның арқасында шын мәнінде жалпыұлттық ауқымдағы талқылау болды десек, дұрыс болар. Бұл – Әділетті Қазақстан құрылысының айқын көрінісі.

Осыған дейін Конституциялық комиссияның он отырысы өтті. Комиссия мүшелері түзетулердің аса көптігін ескере отырып, ортақ пайымға келді. «Ата заңға жекелеген өзгеріс енгізу жеткіліксіз, қазіргі жағдайда жаңа Конституция қабылдаған жөн» деген байлам жасады. Соған сәйкес қантар айында жаңа Конституцияның алғашқы нұсқасы жарияланды.

Бұл бастама қоғамның айрықша назарын аударды. Мен мұны өте жақсы үрдіс деп санаймын. Азаматтарымыз Конституция жобасының түрлі баптарын қызу талқылап жатыр. Қоғамның саяси мәдениеті және белсенділігі артып келеді. Бұл – менің саяси бағдарымда көрсетілген негізгі міндеттердің бірі.

Еліміз үшін «Өртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт» және «Плюрализмге – ашықпыз, экстремизмге – қашықпыз» қағидаттары өте маңызды. Сол арқылы қоғамдық диалогтің дамуына, еліміздің үздіксіз алға басуына жол ашылады. Қазірдің өзінде бір нәрсені күмәнсіз айтуға болады: жұртшылық назарына мүлде жаңа құжат ұсынылып отыр. Бұл құжат мемлекетіміз дамуының даңғыл жолына түскенін, яғни сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетеді.

Жаңа Конституция жобасына енген нормалар Қазақстанның саяси жүйесінің дәуір қисыны мен бірізділігін бекітеді. Ол, ең алдымен, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есел беретін Үкімет» тұжырымдамасына негізделеді.

Соңғы жылдардағы саяси реформаларға кеңінен қарасақ, Қазақстан суперпрезиденттік билік формасынан түбегейлі бас тартып, беделді әрі ықпалды Парламенті бар президенттік республика үлгісіне көшкенін көз жеткізуге болады.

Ұсынылып отырған өзгерістер – осы үдерістің заңды жалғасы. Соңғы жылдардағы саяси жаңғыртулар, соның ішінде 2022 жылғы конституциялық реформа мемлекетіміздің конституциялық негізін толық қайта құру қажет екенін көрсетеді.

Шын мәнінде, бұл – мемлекетті басқарудың жаңа жүйесін қалыптастыру деген сөз. Ұсынылған түзетулер билік құзыреттерін қайта бөлуге, тежемелік және тепе-теңдік жүйесіндегі теңгерімді күшейтуге, ең бастысы, барлық саяси институттардың тиімділігі мен орнықтылығын жақсартуға мүмкіндік береді.

Жаңа Конституция жобасында «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидаты айқындала түсті. Біз 2019 жылдан бері дәйекті түрде осы жолмен жүріп келеміз. Түптеп келгенде, ұсынылып отырған өзгерістердің арқауы – бір. Бұл – адамдардың және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Бұл – жалаң сөз емес. Біз адам құқығының қорғалуына кепілдік беретін және оның

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

нақты жолдары айқын көрсетілетін біртұтас жүйе қалыптастырамыз.

Мысалы, адвокаттардың ұсынысымен Ата Заң жобасына адвокатура туралы жеке бап қосылды. Жаңа Конституция жобасында білім беру жүйесіне баса мән беру арқылы мемлекеттің зайырлы сипаты да нақтылана түсті. Ал «Неке – еркек пен әйелдің ерікті және теңқұқылы бірлестігі, яғни одағы» деген тұжырым арқылы қоғамдағы дәстүрлі құндылықтарды сақтап қалу мақсаты көзделді. Конституция жобасында табиғатты қорғау мәселесіне де назар аударылды. Меніңше, бұл – өте маңызды нәрселер.

Түзетулердің ішіне тағы бір аса қажетті норманы енгізу керек деп санаймын. Қазіргі Конституцияда «Тұрғын үйге қол сұғуға болмайды. Сот шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді» деген ереже бар. Осы ережені «тұрғын үйден мәжбүрлен шығаруға» да сот шешімінсіз жол берілмейді деп толықтырған жөн.

Меніңше, бұл – жаңа Конституцияның сипатына толық сай келетін әлеуметтік норма. Конституциялық комиссия мүшелерінен осы ұсынысты қарауды сұраймын. Тұтастай алғанда, Негізгі Заң жобасында Қазақстанның қарқынды дамуына, ұлтымыздың ұйысуына қажетті іргелі қағидаттар мен құндылықтар толық қамтылған.

Әділетті Қазақстан, Заң мен тәртіп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары мүлтіксіз сақталатыны сияқты негізгі қағидаттар нақты көрсетілген. Білім, ғылым, инновациялар және мәдениет еліміздің теңдесіз басымдықтары ретінде айқындалды. Тәуелсіздігіміз, егемендігіміз және аумақтық тұтастығымыз мызғымас құндылықтар болып қала береді және еліміздің ұнарлығы, жерінің тұтастығы мен басқару нысаны ешқашан өзгермейді деген аса маңызды сөздер бар. Ата Заңымызда бірлік пен келісімнің негіздері нығайтуды. Бас құжатта жауапты әрі жасампаз отаншылдық ұғымы нақты жазылады.

Бір сөзбен айтқанда, жаңа Конституция жобасын шын мәнінде озық, яғни түбегейлі жаңарған, әрбір тұсы сарапталған, сапалы жазылған мәтін деп атауға толық негіз бар. Онда конституциялық құрылысқа қатысты өлемдегі үздік тәжірибелер көрініс тапқан, адам құқықтары және ұлттық мүддеміз толық қорғалған.

Әрине, қазіргі Конституциямыздың мән-маңызын ешкім жоққа шығармайды. Соңғы 30 жылда жеткен барлық жетістігіміздің бастауында Ата Заңымыз тұрғаны өзбiз. Бұл – тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың табанды еңбегінің арқасы.

Дегенмен бұл құжат еліміз енді ғана еңсесін тіктей бастаған кезде қабылданғанын ескерген жөн. Онда Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі қиын күндердің ізі бар. Солай болуы да заңды.

Сол кезден бері еліміз адам танымастай өзгерді. Болашағымызға көбі күмәнмен қараса да, Қазақстан халықаралық беделі жоғары, мықты мемлекетке айналды. Қазір өлемдегі геосаяси, геоэкономикалық, технологиялық ахуал түбегейлі өзгеріп жатыр. Соңғы жылдары Қазақстан да көптеген өзгерісті бастан өткерді. Бұл өзгерістер үлгі санасына ықпал етті, тіпті, зор сілкініс әкелді десек, қате болмас. Сондықтан еліміздің мақсат-міндеттерін, құндылықтарын мен қағидаттарын заман талабына сай, конституциялық деңгейде жаңғырту айрықша маңызды.

Жаңа Конституцияның жобасы жеке-леп түзетулер енгізілген жоба емес. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – жаңа тарихи дәуірде мемлекеттің негіздерін түбегейлі қайта құру, қоғамдық сананы жаңғырту. Жаңа Конституцияның жобасына аса қажетті әрі озық нормалар енгізілген. Біз бәріміз бір ел болып ырыс-ынтымағымызды, береке-бірлігімізді сақтай отырып, эволюциялық, яғни табиғи жолмен дамып келеміз. Бұл – өте маңызды. Бұдан басқа жол жоқ.



Жаңа Конституция Қазақстанды тың қарқынмен өркендетуге, әр азаматтың әлеуетін арттыруға жол ашады деп сенемін. Қалай десек те, Ата Заңымызға қатысты түпкілікті шешім жалпыұлттық референдумда қабылданады.

Біздің басты мақсатымыз – қазіргі күрделі кезеңде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және халықаралық әлеуетін арттыру.

Сарапшылар әлем экономикасының өсімі баяулап, халықаралық сауда қарқынды әлсірейді деген болжам жасауда. Дамушы елдерге салынатын жаһандық инвестиция көлемі азайып барады. Қаржы саласы тоқырауға ұшырауы мүмкін. Бүгінде көптеген ел өз нарығын қорғау шараларын күшейтіп жатыр. Мемлекеттер арасында өзара тарифтік шектеу қою үрдісі белең алды. Жаһандану үдерісі қиындап ала бастады. Мұның бәрі әлемдегі геосаяси ахуалды өзгертіп жатыр. Бірақ негізгі әрі шешуші оқиғалар әлі алда.

Дүние жүзінде мүлде жаңа үдерістер пайда болуда. Мемлекеттің тұрақты дамуы үшін біз осы өзгерістерге экономикалық және саяси тұрғыдан бейімделуіміз қажет. Бұл – аса маңызды міндеттің бірі.

Бұрынғы тәсілдер қазір тиімсіз болып қалғанын көріп отырмыз. Озық мемлекеттер әлем экономикасын дамытудың жаңа үлгісін әзірлеуге кірісіп кетті. Біз де бұл үдерістен шет қалмауымыз керек. Ұлт мүддесін қорғау үшін экономикамыз нығайтуға және дамуына арналған нақты жоспар болуға тиіс. Дүние жүзіндегі экономикалық ахуалға қарамастан, былтыр экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Біздің миссиямыз – айқын: экономикалық өсім жоғары сапаға ие болуы керек, яғни, ең алдымен, халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмысын жақсартуға тиіс. Басқаша айтсақ, ішкі жалпы өнім артқан сайын азаматтарымыз нақты табысы да көбеюі керек. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған негізгі міндет.

Аталған мақсатқа жету үшін бізге бұған дейінгі өсімді қанағат тұтпайтын, қазіргі сын-қатерлерге жедел жауап беретін, басымдықтар егжей-тегжейлі ойластырылған экономикалық саясат қажет.

Басқаша айтқанда, бізге тұрақты өсім моделі керек. Оған сәйкес, мемлекет нарықтық экономиканың стратегиялық даму векторын нақты анықтап, қолда бар қаржы ресурстарын экономикалық өсім әкелетін басты салаларға бағыттауы қажет. Мұндай тәсіл ұлттық табысты азаматтарымызға анағұрлым тиімді әрі әділ бөлуге мүмкіндік береді.

Ашығын айтқанда, мен бұл жайында күнде ойланамын, мамандармен кеңесемін, арнайы экономикалық сараптамаларды оқимын. Экономикалық және қаржылық саясатты қайта жаңғырту бойынша ауқымды жұмыс күтіп тұр. Үкіметтің таяу арадағы міндеті – өнімділікті арттыру, технологиялық жаңару және адами капиталды дамыту есебінен өсімді қамтамасыз ету, табысты ел игілігіне жұмсау.

Мұндай моделді тек инвестиция саясатын жандандыру, бизнестің мүддесін тұрақты қорғау арқылы құруға болады. Яғни бұл саясаттың түпкі нәтижесі халық табысын арттыру, экономикалық дербестікті нығайту болуға тиіс.

Үкіметтің алдында уақыт оздырмай шешетін бірқатар міндет бар. Атап айтқанда, тұрақты әрі қалыпты инфляция көрсеткішін және мемлекет қаржысының теңгерімділігін қамтамасыз ету, сондай-

ақ былтырғы Жолдауында жарияланған жаңа инвестициялық кезеңді толығымен жүзеге асыру.

Жаппай цифрландыру және жасанды интеллектті енгізу көмекші қызмет атқарумен шектелмей, экономикалық дамудың басты арқауы болуы керек.

ЖИ негізінде цифрландырудың бірқатар басты міндеттерін орындау қажет. Бұл – еңбек өнімділігін арттыру, экономиканың экспортқа бағдарланған секторларын қалыптастыру, қосылған құны жоғары өнім шығару және Қазақстанды жаһандық цифрлық экономика тізбегіне кіріктіру.

Жаңа инвестициялық кезеңді іске асыру еліміздің индустрия, энергетика, көлік салаларындағы заманауи жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллектті дамыту, бұл – ұран емес, бұл экономикалық идеологияның негізгі тірегі, тіпті ұлттық идеологиямыздың мызғымас тұғыры болуға тиіс. Осындай жауапты сәтте дұрыс, батыл әрі тиімді шешімдерді дер кезінде қабылдау өте маңызды. Шынайы өмірге түк қатысы жоқ «құрғақ» ұсыныстар беру, қысқасы, нәтижесі жоқ іспен айналысу мүлдем болмайы қажет.

Бүкіл мемлекеттік аппарат нақты нәтижеге жету үшін жұмыс істеуі керек және оның игілігін бүкіл қоғам көруге тиіс. Осы орайда, қазіргі таңдағы аса өзекті мәселелерге тоқталайын.

БІРІНШІ. Инфляцияны ойға қонымды, қалыпты деңгейге түсіру қажет. Оның шарықтап кетуіне жол бермеу керек.

Инфляцияның не себепті жоғары болып тұрғаны белгілі, кеселдің себебі анықталды. Енді осы мәселені шешу керек. Бірақ ұсынылатын шаралар елдің дамуына кері әсерін тигізбеуі қажет. Дәл осы тұста түрлі пікір айтылып жатыр.

Үкімет пен Ұлттық банкке бірлесіп нақты іс-қимыл алгоритмін әзірлеуді тапсырамын. Осы маңызды жұмысқа барлық мекеме өкілдері мен сарапшылар қатысуға тиіс. Тағы да қайталап айтамын: қолысыз ахуалды шұғыл ретке келтіру қажет.

Быылдан бастап үш жыл қатарынан инфляцияны төмендету үшін нақты шаралар қабылдау керек. Бірлескен іс-қимыл бағдарламасын сапалы орындау айрықша маңызды. Мәселені шешудің орнына бос сөзді көбейтіп, қажетсіз «жол карталары» әзірлеу – жауапкершіліктен қашу деген сөз. Алдың ала ескерту: ондай жағдайда қатаң шара қолданылады. Халықтың табысы артса ғана, нақты нәтижеге қол жеткіздік деп санауға болады.

ЕКІНШІ. Жаңа Салық кодексінің тиімді енгізілуін қамтамасыз ету керек.

Жаңа салық-бюджет саясаты теңгерімді сипат алып, экономиканы орнықты дамытуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағдарлануы қажет.

Быыл күшіне енген Салық кодексі экономикадағы ашықтық пен тәртіпті күшейтуге ынталандырады. Қазірдің өзінде алғашқы оң нәтижелерін көріп отырмыз. Экономика министрлігінің мәліметіне сәйкес, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған жаңа салық режимі іске қосылғалы бері 180 мыңнан астам жаңа салық төлеуші заң аясында әрекет ете бастады.

Үкіметтің бағалауынша, салық реформасының нәтижесінде биыл бюджетке қосымша 4,4 триллион теңге түседі. Жоспар, әлбетте, көңілге сенім ұялатады. Бірақ қайталап айтамын: белгіленген көрсеткіштерге шамадан тыс салық салу, бизнесті заңсыз немесе негізсіз қыспаққа алу есебінен жетуге болмайды.

Бюджетті тиімді салықтық өкімшілендіру арқылы толықтыруға болады деп ойлаймын. Сондықтан салық жүйесін жаппай цифрландыруға шұғыл кіріскен жөн.

Жазалаушы менталитеттен арылатын кез келді. Салық органдары мен салық төлеушілер арасында серіктестік және өзара сенім қағидаты орнығуы тиіс. Мемлекет пен бизнестің тиімді ықпалдастығын жолға қою керек. Мұндай серіктестік әділдікке, өзара тиімділікке, тіпті экономиканы дамытудың маңызын түсіну тұрғысынан алғанда жауапкершілікке

құрылуға тиіс деп ойлаймын.

Бұл жөнінде жақында «Turkistan» газетіне берген сұхбатымда айттым. Үкіметтің кейбір мүшелерімен әңгімеден ұққанымы, оны бәрі бірдей ықылас қойып оқымаған секілді. Қызылордада өткен Ұлттық құрылтай отырысындағы сөзімді де толық түсінбегендеріңіз байқалады. Интернет үзінділері оқудан алыстатты. Оның үстіне мәтінді, кітаптар мен мақалаларды оқымай-ақ, мазмұнын тыңдай салатын мүмкіндік пайда болды. Бірақ бұл мемлекеттік қызметкерлерге жараспайтын әдет. Оқу керек. Өйтпесе, зейнет жасына жеткен кезде, ойланы қабілетінен айырылып қаласыздар. Бұл өте қауіпті. Сондықтан көп оқыңыздар.

Банкер, агрегаторлар мен рынокплейстер салықтық өкімшілендірудің әрекет ету аясына толықтай еніп, салық агенттері міндетін атқаруға тиіс.

Мемлекеттік кірістер комитетіне тиімді цифрлық режимде жұмыс істейтін «фискальдық деректер фабрикасына» айналу міндеті жүктелді. Бүкіл мәселені шешудің жалғыз дұрыс жолы – осы.

2027 жылдың соңына дейін салық және кеден жүйесін басқарудың цифрлық тәсілін енгізу қажет. Бұл – стратегиялық маңызды бар міндет.

Сонымен қатар Ұлттық тауарлар каталогы мен Отандық тауар өндірушілері реестрін жедел іске қосып, тауарларды цифрлық таңбалау жүйесін кеңейткен жөн. Бірақ тауар таңбалауды жоспарланған өндіріске зиянын тигізбей жасау керек. Министрліктер қабылдаған жаңа ережелер мен шешімдер шетелдік және отандық компаниялардың қызметіне кері әсер етпеуге тиіс. Мұндай жайт еліміздегі инвестициялық климатты нашарлатады. Отандық және шетелдік компаниялар бұл мәселеге аландыраушылық білдіріп, маған хат жазып жатыр.

Фискальдық саясаттың тиімділігіне, ең алдымен, бюджетті ретке келтіріп, қаржы тәртібін қатаң сақтау арқылы қол жеткізуге болады.

Мемлекеттің тиімсіз шығындарын барынша қысқарту үшін қолданыстағы бюджет бағдарламаларын бастан-аяқ қайта қарау қажет. Біз бұл жайында бұған дейін айтқан болатынбыз, тағы қайталауға тура келіп тұр. Бұл – өте маңызды міндет. Мұны орындауды созылаңға салмаңыздар. Бұл істе Қаржы және Экономика министрліктері қатаңдық пен табандылық, кәсібилік танытуы керек. Басымдықтардың қайсысы бірінші, қайсысы кейін екенін нақты белгілеп алу қажет.

Бюджет қаржысын игерудің қазіргі критерийінен бас тартып, мемлекеттік инвестициялық тиімділігін басқаруды күшейткеніміз дұрыс. Бұл – маңызды міндет. Жалпы, бюджетті асығыс игеру дұрыс емес. Мұны кім шығарып жүр? Жылдың соңында бюджетті игеру керек деген жарыс басталады. Басқаша айтсақ, бұл қаржыны оңды-солды шашу деген сөз. Жұмыс тәртібін қайта қараңыздар. Өйткені қазір заман басқа.

Үкімет пен өкімдер бюджеттің игерілімі қалуынан қауіптеніп, жобаларға қаржы бөлу тәжірибесін доғаратын кез келді. Ең сорақысы, мұндай шешімдер субъективті түрде қабылданып, қаржы таңдауларына ғана беріледі. Тоқетері, әркім өз білгенін жасағанды қою керек.

Енді мұндайды мемлекет мүддесіне қасақана қарсы әрекет ету деп қарастырамыз.

Бюджет қаржысы азаматтарымызға нақты пайда әкелетін және ұлттық экономиканың дамуына септігін тигізетін жобаларға берілуге тиіс.

Үкіметке биыл 1 мамырға дейін бюджет бағдарламаларына ревизия жүргізіп, мемлекет есебінен қаржыландырылатын жобаларды іріктеу механизмін жетілдіру тапсырылады. Бұл квазимемлекеттік секторға да қатысты.

Мен Жолдауда бұл мәселе туралы айттым: бюджеттік шығындардың ашықтығын қамтамасыз ету үшін, яғни қаржының қайда, қалай және не үшін жұмсалып жатқаны айқын болуы үшін цифрлық теңгерім белсенді пайдалану қажет.

Қазіргі таңда бұл тәсіл мемлекеттік сақтық алу жүйесінде, субсидиялау кезінде, сондай-ақ Ұлттық қордан ірі жобаларға қаражат бөлу барысында тиімді қолданылып жүр. Бұл құралды басқа да салаларға енгізіп, аясын кеңейту керек.

Тағы бір маңызды мәселе. Аймақтардағы бюджеттік жоспарлауды сапалы жүргізуге баса мән беру қажет. Өздеріңізге мәлім, соңғы жылдары аймақтардың кіріс қоры айтарлықтай артты, бірқатар салық пен төлем түрлері республикалық деңгейден аймаққа берілді. Соның салдарынан жеткілікті қаржы бөлмей, жергілікті бюд-



# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТИЛГЕН ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

туады.

Бірақ еліміздегі мемлекет пен жеке серіктестік әлеуеті дұрыс игерілмей отыр. Инфрақұрылымдық жобалардың көбі бұрынғыдай тікелей бюджет қаржысына тәуелді. Жеке капитал, банк секторы және халықаралық қаржы ұйымдары оған айтарлықтай атсалыспайды.

Бюджеттің мүмкіндігі шектеулі. Сондықтан мұндай тәсіл көптеген инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға бөгет болып отыр. Әлбетте, кез келген қаржы құралы сияқты мемлекет пен жеке серіктестіктің де өз құны бар. Алайда, ол өзін-өзі ақтаса, Үкімет аталған механизмді белсенді қолданғаны жөн. Қажет болса, заңнамаға да тиісті өзгеріс енгізуге болады.

Жедел даму жолына түскен Алатау қаласы жаңа инвестициялық кезеңнің негізгі жобасы болуға тиіс. Бұл – Smart City қағидатына сәйкес барлық салаға озық инновациялар енгізу, жасанды интеллектті мен цифрлық технологияны қолдану деген сөз. Онда капитал тарту үшін теңдесі жоқ жағдай жасалып, жаңа, батыл шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін үздік реттеу режимін қалыптастыру қажет.

Осы маңызды мәселе бойынша менің тапсырмаммен Конституциялық заң өзiрленiп, Парламенттің қарауына ұсынылды.

Маған Ұлттық банк пен Қаржылық мониторинг агенттігі бұған қарсылық танытқаны туралы баяндалды. Бұл Конституциялық заң қабылдауға мүмкіндік бермейді. Алайда менің төрағалығыммен өткен жиында мұндай пікір айтылмаған еді. Ойларыңызды сол кезде неге айтпадыңыздар? Егер сіздерде қандайда бір қауіп не қарсылық болса, маған қағаз жүзінде ұсыныс беріңіздер. Жұмысты алға ілгерілету үшін тиісті тапсырма беремін. Бірақ, менің ойымша, бұл шындыққа жанаспайтын бос әңгіме секілді. Мен жауапкершілік алудан қашпаймын, ал сіздер түрлі конференцияларда ділмәрсiп, сөз сөйлеп жүре беріңіздер. Қазір қорқыныштан қалтырап отыратын емес, нақты жұмыс істейтін заман.

Бұл – еліміз үшін бірегей жоба. Сондықтан Үкімет оның басы артық бюрократиясыз, кідіріссіз әрі сапалы дамуын қамтамасыз етуі керек. Шэнчжэнь секілді қалаларды баршаңыз көрдіңіздер. Мен бұл қалаға 1988 жылы алғаш рет барған болатымын. Ол кезде балықшылардың шағын ауылы еді. Қазір онда заманауи технологияның бәрі бар, 10 миллионнан аса адам тұрып жатыр. Қытай билігі жеңілдіктер беріп, тәуекелге бет бұтты. Дэн Сяопин «Батыл реформа жасаңыздар» деді. Бұл сөйлем қытай тілінде төрт иероглифтен ғана құралады.

Жаңа инвестициялық кезеңнің тиімді жүзеге асуы көбіне қаржы секторының белсенді атсалысуына байланысты. Бүгінде еліміздің қаржы нарығындағы жиынтық активтердің 84 пайызы банк саласына тиесілі. Дегенмен бизнеске берілетін қарыз үлесі төмен деңгейде қалып, 38 пайызды құрады. Ал екінші деңгейлі банктер былтыр «шыбық басын сындырмай», еш қиналмай 3 триллион теңгеге жуық табыс тапты.

Банктер экономиканың негізгі қаржыландыру көзі ретінде өзінің заңды рөліне оралуы үшін жағдай жасау қажет деген сөз талай рет айтылды. Бірақ сылтау таусылмайды.

Нәтижесінде банк жүйесіндегі алаяқтық әрекеттерге күә болдық. Ірі, жүйе құраушы банктер мемлекет тарапынан орасан зор көмек берілгеніне қарамастан, дағдарысқа ұшырап, тура мағынасында 1 долларға сатылды. Қазір банктердің өзіне тартатын қаржы ресурстарының құны жоғары деген әңгіме айтыла бастады. Олардың экономиканы қаржыландыруына осы кедергі келтіріп отыр-мыс. Демек экономиканы қолжетімді кредитпен қамтамасыз етудің жалғыз жолы – инфляцияны тұрақтандырып, деңгейін төмендету, содан кейін нарықтақ мөлшерлемені азайту.

Тағы да қайталап айтармын: бұл ретте Үкімет пен Ұлттық банктің жүйелі, үйлесімді әрі кәсіби тұрғыда жұмыс істегені маңызды. Халықаралық валюта қорының кеңесіне құлақ асып, түрлі терминологияны оңды-соңды қолдануға аса көңіл ақылдың қажеті жоқ. Аздап ойланса, тым болмаса көптеген түйткілді шешуге талаптанып көру, бұл – басқа мәселе.

Әлемде банктермен қатар сақтандыру және құнды қағаздар нарығы ұзақ мерзімді капиталдың көзі саналады. Отандық қаржы жүйесіндегі сақтандыру секторының үлесі мардымсыз – 5 пайыз ғана. Мұндай жағдайды місе тұтуға болмайды.

Әңгіме цифрлық технологияларды пайдалану арқылы сақтандыру өнімдерінің түрін көбейтіп, олардың қолжетімділігін арттыру жөнінде болып отыр. Сақтандыру нарығын мемлекеттің, азаматтар мен бизнестің ықпалмен тәуекелдерге ортақ жауапкершілік мәдениетін қалыптастыратын маңызды институт ретінде қарастырамыз. Мұндай тәсілге көшу үшін дамыған елдердің үлгісіне сай міндетті сақтандыру түрлерін көбейту қажет. Банктер мен сақтандыру компаниялары ұзақ мерзімді қор жинауды күшейтсе, бұл құнды қағаздар нарығының дамуына тың серпін береді.

Құнды қағаздардың дамыған нарығы – макроэкономикалық тұрақтылықтың

маңызды көрсеткіші. Ал оның ауқымы инвесторлардың сенім деңгейі қандай екенін білдіреді.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен Ұлттық банкке 1 қыркүйекке дейін сақтандыру және қор нарығын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын. Оны тиімді іске асыру үшін сақтандыру және құнды қағаздар туралы жаңа заңдар қабылдауға қажет деп санаймын.

БЕСІНШІ. Жаңа инвестициялар ең алдымен еліміздегі заманауи өнеркәсіптің негізін қалыптастыруға бағытталуы керек. Бұл салада біраз жетістікке жеттік. Былтыр өңдеу өнеркәсібі тұрақты дамып, 6,4 пайызға өсті. Бірақ өңделген тауар экспорты 2,7 пайызға төмендеді. Бұған жалпы экспорттың 4,2 пайызға азаюына да әсер етті. Өнеркәсіп саясатының басты кемшіліктері дәл осы тұста анық байқалды.

Бұл салада шикізат өндірушілердің үлесі әлі де басым. Бірақ бұл оларға кедергі жасауға болады деген сөз емес, керісінше, оларға көмегімізді әлдеқайда күшейтуіміз қажет. Сонымен қатар өңдеу өнеркәсібіне баса назар аудару керек.

Өңдеу өнеркәсібіндегі өнімнің 40 пайыздан астамы металлургияға тиесілі. Ал металлургия секторында экспортқа шығарылатын тауардың жартысынан көбі – төмен деңгейде өңделген өнімдер. Соның салдарынан, шикізатты сыртқа шығарамыз да, одан жасалған дайын өнімді басқа елдерден сатып аламыз. Парадокс. Мұндай тәжірибені доғару керек.

Шикізат экспорттағаннан гөрі, одан дайын өнім өндіріп, сыртқа шығару әлдеқайда пайдалы. Әрине, бұл оңай міндет емес. Бірақ үлгілі кәсіпорындар бар, мысалы, «Qamteq». Қанша қиындыққа тап болса да, ондағы өндірістік және әлеуметтік процестерде оң өзгерістер орын алып жатыр.

Бұл мәселеде «артық қылам деп, тыртық құлуға да» болмайды. Өңдеу саласын дамытамыз деп, шикізат өндіру ісіне зиян келтірмеу жағын ойлау керек. Үкіметтің саясаты ақылға қойылды, байыпты болуға тиіс.

Еліміздің импортқа тәуелділігі туралы айтқанда мұнай саласындағы мұрайді ахуалға тоқталмай кетуге болмайды. Қазақстанда жылына шамамен 100 миллион тонна мұнай өндіріледі, бірақ елімізде соның тек 18 миллион тоннасы ғана қайта өңделеді. Соның салдарынан біз мұнай өндіруші ел болсақ та, жыл өткен сайын дизель отыны бойынша тапшылық пайда болып жатыр, авиациялық керосин бойынша да импортқа тәуелді болып отырмыз.

Сондықтан отынға деген сұраныстың жоғары екенін ескере отырып, елімізде жұмыс істеп тұрған мұнай өңдеу зауыттарына жаңғырту керек. Бұл жұмысты жедел орындау қажет. Аталған қадам бір жылда әңделетін мұнай көлемін 9 миллион тоннаға арттыруға мүмкіндік береді (18,4 миллион тоннадан 27,4 миллион тоннаға дейін). Бұл – министрліктің мөлiметi.

Үкімет жаңа мұнай өңдеу зауытының құрылысына қатысты байыпты шешім қабылдауы қажет. Ең алдымен, мұнай өңдеу зауытына шикізат қайдан жеткізілетінін, қандай өнімді және қанша көлемде өндіретінін дұрыс есептеу керек. Бұл жобаны іске асыруға (егер жүзеге асса) жеке инвестор тарту керек болады. Бүгінде мұндай ірі жобаны тек мемлекет қаржысына салу өте тиімсіз. Жаңа мұнай өңдеу зауытының құрылысы жөнінде әлі де ойлану қажет. Меніңше, жобаның құны мұқият есептеген абзал.

Қажетті жағдай болса да, осы кезге дейін елімізде мұнай-газ химиясы өз алдына жеке сала болып қалыптасқан жоқ.

Менің тапсырмаммен полиэтилен, бутадиең, карбамид және басқа да өнімдер шығарып, осы саланы жаңа деңгейге көтеретін бірқатар жоба іске қосылды. Үкімет бұл жобаларды уақтылы аяқтауға тиіс. Осындай мұнай-газ химиясы саласындағы ірі жобаларды іске асыру арқылы еліміздің негізгі химия өнімдеріне (полиэтилен, полипропилен) деген сұранысын өтейміз.

Әзімізде шығарылатын полимерді барынша өңдеу ісі жолға қойылмаған. Бұл материалдан автобөлшектер, тамшылап суаруға қажетті құралдар, медициналық жабдықтар, ыдыс-аяқ және басқа да көптеген өнім шығаруға болады. Осы орайда шағын және орта бизнеске қолдау көрсету керек. Соның ішінде лизингпен құрал-жабдық, жеңілдікпен несиені беру қажет. Бұл қадам азық-түліктен өзге өнімдердің бағасын төмендетуге зор мүмкіндік береді.

Мұнай-газ химиясы және басқа да негізгі салалардағы өңдеу өнеркәсібін дамыту үшін ресурстар қорын толықтыру өте маңызды.

Қазір Үкімет тікелей мемлекеттік инвестицияға үміт артып отыр. Алдағы үш жылда бюджеттен геологиялық барлау жұмыстарына 500 миллион долларға жуық қаржы бөлу жоспарланған. Бұл өткен отыз жылда жұмсалған қаражатпен тең. Бұл, әрине, дұрыс, бірақ бәрібір жеткіліксіз.

Геология саласын дамытуға жеке капитал тарту Үкіметтің аса маңызды міндеті

болып қала береді. Онсыз геологиялық барлау жұмыстары әрдайым қазынадан бөлінетін қаржыға тәуелді бюджеттік жоба болып қалуы мүмкін.

Шикізатты терең өңдеу – ауыл шаруашылығына да қатысты өте өзекті мәселе. Агроөнеркәсіп кешенін қолдау шаралары қордаланған мәселелерді шешу үшін емес, тек осы саладағы жалпы өнімді арттыру үшін қабылданып жатыр дегуге болады. Соның салдарынан әлі күнге дейін азық-түлік импорттың тәуелді болып отырмыз, баға да өсуде.

Атқарушы билік бұған тосқауыл қою үшін негізінен әкімшілік шараларға жүгінеді. Үкімет осыған дейін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тікелей реттеуден бас тартатыны туралы айтты. Соған қарамастан, мұндай тауарлар саны 19-дан 31-ге дейін көбейді. Үкімет бұл шешімді уақытша шара деп түсіндірді. Бірақ уақытша деп басталған шара әдеттегідей тұрақты сипатқа ие болып кетпеуі керек.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортына да нарыққа қайшы шектеулер қойылған. Шешімді қабылдағанды оның салдары қандай болатынын ешкім ойламайды. Не себепті бұлай жасалып жатқанын түсінуді қиын емес. Себебі нарықты дамытқаннан гөрі оған шектеу қою – әлдеқайда оңай. Мұндай әрекетті тоқтату керек.

Үкімет бизнес қауымдастығымен бірлесе отырып, тамақ өнеркәсібін дамытуға қатысты жүйелі шаралар қабылдауға тиіс.

Елімізде мал шаруашылығын дамытуға мол мүмкіндік бар. Бұл айқын нәрсе. Бірақ біз осы әлеуетімізді дұрыс пайдаланбай отырмыз. Мал шаруашылығының даму стратегиясы да, қарқыны да мардымсыз, түсініксіз, кешенді жүйе жоқ. Бұл салада шешімін таппай тұрған мәселе көп. Өнімдердің басым бөлігі жеке қосалқы шаруашылықтарда және шаруа қожалықтарында өндіріледі. Еттің 60 пайызы, сүттің 80 пайызы – солардың еншісінде. Бұл жағдай өнімділікті арттыруға кедергі болып отыр.

Елімізде жем-шөп қорын даярлаудан бастап, өнімді өңдеу, жеткізу, сату үдерісі біртұтас жүйе ретінде жолға қойылмаған. Басқаша айтсақ, осының бәрін басқарудың бірыңғай жүйесі жоқ. Өкінішке қарай, 2026 жылы осындай мәселелер туралы айтуға мәжбүр болып отырмыз.

Биыл Мал шаруашылығын дамыту жоспары жасалды. Бұл құжат осы саладағы олқылықтарды жойып, оның дамуына жол ашуға тиіс. Енді ақыры не болатынын көреміз. Мен Жолдауымда және «Turkistan» газетіне берген сұхбатымда шағын шаруашылықтарды кооперацияға біріктіру қажеттігін айттым. Бұл жерде шетелдік тәжірибені үлгі ретінде алуға болады. Мысалы, Нидерландының жүйесін алсақ, онда шаруалар кооперациясының нақты әрі бірізді жүйесі бар. Соның арқасында олар құны 130 миллиард доллар болатын ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттап отыр.

Шаруаларды жаңа үлгідегі кооператив құруға ынталандыру керек. Ол үшін Үкімет батыл шаралар қабылдауға тиіс. 1 қыркүйекке дейін Ауыл шаруашылығы кооперациясы туралы жаңа заң дайындауы қажет.

Шаруаларды мемлекеттік қолдау жүйесі барынша ашық болуы керек. Қазір бұл жүйенің күмәнді, көлеңкелі тұстары көп. Үкімет жыл соңына дейін ақпараттық жүйелерді кіріктіру жұмысын аяқтауға тиіс. Бұл қадам субсидиялау үдерісін цифрландырып, шаруалардың міндеттемелерін бақылауға алуға мүмкіндік береді.

Мал шаруашылығын тұрақты дамыту үшін ветеринарлық қауіпсіздік жүйесі сапалы болуға тиіс. Ашығын айтқанда, Қазақстанда бұл сала кенжелеп тұр. Еліміздегі 168 зертхананың жиырма жетісі ғана халықаралық стандартқа сай келеді. Мал дәрігерлерінің жұмысы толық бақылауға алынбаған. Соңғы үш жылда малға екпе салдық деп 30 мың жалған құжат жасалды.

Бұл саланы біржола тәртіпке келтіру қажет. Үкімет ветеринария саласын дамытудың кешенді бағдарламасын үш айдың ішінде қабылдауға тиіс.

Құзырлы мекемелер биыл кейбір аймақта алдымен су тасқыны, содан соң құрғақшылық болатынын айтуда. Үкімет қазірдің өзінде нақты іс-қимыл жоспарын әзірлеп қоюы керек.

Тағы да айтарым, табиғи апаттарды болжау үшін цифрлық тәсілдерді пайдаланбасақ, жұмыстың бәрі босқа кетеді. Бізде қажетті технологияның бәрін пайдалануға мүмкіндік бар. Тек соның барлығы қаншалықты жауапты әрі жүйелі түрде қолданылады деген сұрақ туады. Мәселе – сонда.

Егіс ақпартары мен инфрақұрылымды қорғауға қажетті шаралар алдын ала қабылданып қажет. Әр жолы мәселе пайда болған кезде ғана жанталаспай, қиындықтың алдын алған жөн. Бұрынғы қателіктерге жол бермеу керек. Көктем де келіп қалды. Үкімет әкімдіктермен бірге су тасқынына қарсы шараларды сапалы жүзеге асыруға тиіс.

АЛТЫНШЫ. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектінің кеңінен қолдану кәсіпкерлікті қарқынды дамытуға зор мүмкіндік береді.

Жалпы ішкі өнімнің 40 пайызға, негізгі капиталға салынған инвестицияның 70 пайызға жуығы шағын және орта бизнес саласына тиесілі. Бұл – кейінгі жылдары жүргізілген жүйелі жұмыстың нәтижесі. Дегенмен қазір табысқа риза болып отыратын заман емес. Елімізде азаматтардың бизнеспен жаппай айналысуына мән беріліп, оған барынша жағдай жасалып жатыр. Бірақ мұндай шара бүгінгі таңда азық етеді. Үкімет кәсіпкерлікті дамыту ісінде енді, ең алдымен, сапаға айрықша көңіл бөлуі керек.

Мемлекеттік көмекті бизнестің технологиялық деңгейіне және санатына қарай саралап беру қажет. Шағын бизнесті қолдау шаралары нақты әрі тиімді болуға тиіс. Кәсіпкерлерді «күнкөріс рәжімінен» шығып, тұрақты даму жолына түсуге ынталандыруы маңызды.

Шикізаттық емес сектордағы даму әлеуеті жоғары орта бизнесті қолдау шаралары дайын өнім сататын нарық ауқымын кеңейтуге ықпал етуі қажет.

Үкімет «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, шағын және орта бизнесті қолдау саясатын түбегейлі өзгерту туралы ұсыныс әзірлеуі керек. Ұсыныстар 1 сәуірге дейін енгізілуге тиіс.

Әрбір кәсіпкер смартфон арқылы тікелей қолдана алатын біртұтас цифрлық экожүйе жасалуы қажет. Қазіргі реттеу шаралары кәсіпкерлерге әкімшілік кедергі туғызады, материалдық шығын келтіреді. Осы кедергілер мен шығындарды азайту үшін кезінде шағын және орта бизнес нысандарын тексеруге мораторий жарияланды. Бірақ мораторий мерзімі аяқталған сәтте бәрі қайтадан бұрынғы қалпына түсті. Мысалы, 2020 жылы 70 мың тексеру жасалса, былтыр бұл көрсеткіш 92 мыңға дейін артқан. Тіпті, оның 85 пайызы жоспардан тыс жүргізілген. Шаш алдесе, бас алатын мұндай әрекетті доғару керек. Мұндай тексерулердің орнына медициналық қорды немесе жекеменшік мектептерді, әлеуметтік жеңілдіктер беру жүйесін тексеру керек еді.

Реттеушілік реформаның жаңа кезеңіндегі басты міндет – блокчейн мен жасанды интеллектіні пайдалану арқылы цифрлық модельге толық өту.

Бұл ретте «Реттеуші сары парақтар» (Regulatory Yellow Pages) қағидаты басшылыққа алынуға тиіс. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі аталған жұмысты жыл соңына дейін аяқтауы қажет.

Енді «Экономиканы ырықтандыру шаралары туралы» Жарлықты орындау мәселесіне арнайы тоқталғым келеді. Бұл жұмыс іс жүзінде емес, қағаз жүзінде ғана орындалып жатыр дегуге болады. Құзырлы органдар құжатта көрсетілген тапсырмаларға атүсті қарайды. Бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасауды емес, құр есеп беруді ойлайды. Соның салдарынан Жарлықта айқындалған басты міндеттер толығымен орындалған жоқ.

Мысал ретінде мемлекеттік активтерді жекешелендіру үдерісін алып қарайық. Үкімет жеке меншікке өтуде тиіс 473 кәсіпорынның тізімін былтыр қазан айында бекітті. Бірақ активтерді саудаға шығармақ түглі оны сатуға дайындық шараларының өзі әлі басталған жоқ. «Мемлекеттік мүлік туралы» жаңа заң да қабылданбады. «Қандай кедергі пайда болды? Мемлекеттік органдар неліктен өз активтерінен айырылғысы келмейді?» деген сұрақтар болуы мүмкін.

Нақты себептер бар шығар, бірақ олар туралы бейхабармын. Шынын айтқанда, маған тиісті мағлұмат немесе ақпарат түскен жоқ.

Себебі бұл активтер мемлекет бюджеті есебінен қамтамасыз етіледі, яғни, оған қазынадан қомақты қаражат жұмсалып жатыр. Бұл жағдай жеке кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіріп, бәсекелестікті тежейтін ұмытпауымыз қажет.

Үкімет Жарлықты орындауға қатысты ұстанымдарды бір айдың ішінде қайта қарауға тиіс. Басты мақсат – бизнеске үш мөнінде қолайлы жағдай жасайтын нақты шаралар қабылдау.

ЖЕТІНШІ. Жаңа экономикалық үлгіге көшу барысында көлік логистикасын дамытуға жете мән беру қажет. Бұл – аса маңызды стратегиялық міндет.

Қазақстанның Еуразия құрлығындағы бірегей орнын тиімді пайдаланбасақ, бұл халқымыз кешірімейтін стратегиялық олқылық болуы мүмкін. Сондықтан бұл міндетті мән-мағынасы ерекше.

Көлік-тасымал аяқталды. Теміржол арқылы жүк тасымалдау мүмкіндігі едәуір жақсарып, теміржолдың жалпы жағдайы тұрақталды. Десек те, еліміздің теміржол транзиті саласындағы әлеуетін толығымен пайдалануымыз қажет. Алайда бұл маңызды мәселе бойынша анық, айқын стратегия әлі жоқ сияқты. Тозығы жеткен теміржол инфрақұрылымы әлі де көп. Кейбір жерлердегі ахуал тіпті күрделі деуге болады.

Биыл «Мойынты – Қызылжар», «Дар-база – Мақтаарал» бағытындағы жаңа теміржол желілерін іске қосу керек. Сондай-ақ «Алтынкөл – Жетіген» және «Бейнеу – Маңғыстау» теміржолын жаңғырту жұмыстарын аяқтау қажет. «Бақты – Аягөз» желісін уақтылы пайдалануға беру керек. Аталған мәселелер туралы жиі айтатын болдық енді нақты нәтижеге күе болайық. Жұмыстың қарқынын бәсеңдетуге болмайды.

Үкімет биыл транзиттік тасымал көлемін шамамен 65 пайызға, яғни 55 миллион тоннаға дейін көбейтеміз деген ауқымды міндет қойып отыр. Ал «Қазақстан темір жолы» компаниясының басшысы өз ақпаратында бұл жоспарға күмән келтіріп отыр.

Мәселе – бізде емес, іргелес мемлекеттердің жоспарлары мен мүмкіндіктерінде. Бұл мәселені енді анықтау қажет. Осыған орай, «Самұрық-Қазына» қоры мен «Қазақстан темір жолы» компаниясы қажетті шараның бәрін қабылдауға тиіс. Соның ішінде цифрлық жаңғырту, яғни трансформация жұмыстарын аяқтау қажет.

Жүк тасымалдаушылардың бәріне ашық және бірдей қолдау көрсетілуге тиіс. Ол үшін ұлттық оператордың жүк вагондарын беру жұмысын толық цифрландырып, ретке келтіру керек.

Теміржол саласындағы тариф саясатын реформалау – кезек күттірмейтін міндет. 1 қыркүйекке дейін жаңа тариф саясатының тұжырымдамасына қатысты түсінікті шешім қабылдануға тиіс. Тариф саясаты, бұл – аса маңызды тақырып, көлік стратегиямыздың өзегі саналатын мәселе.

Үкімет теміржолмен қатар автокөлік тасымалын дамытуға қатысты ірі жобаларды да жүзеге асыру барысын қатаң бақылауға алуы қажет. Мен «Қарағанды – Жезқазған», «Орталық – Батыс», «Ақтөбе – Ұлғайылда» бағытындағы жолдың және Қызылорда, Сарыағаш, Рудный қалаларының сыртындағы айналма жолдың құрылысы туралы айтып отырмын.

Автокөлік тасымалын дамыту туралы айтқанда, ең алдымен, жолдың сапасы мен қауіпсіздігіне қатысты мәселелер шешімін табуға тиіс. Жаңа жылға дейін жасанды интеллектіні пайдалану отырып автокөлік қозғалысын реттейтін цифрлық платформаны іске қосу керек.

Біз жүк және жолаушылар транзитін барынша тиімді ету үшін шекарадағы өткізу бекеттерін жаппай жаңғырта бастадық. Былтыр 9 бекет іске қосылды. Келесі жылдың соңына дейін тағы 33 бекет толық жаңғыртылады. Бірақ бекеттердің сапасына да қарауымыз керек.

Цифрлық тәсілдер және жасанды интеллектінің көмегімен кедендік рәсімдерді оңтайландыру керек. Бірақ бақылау да әлсіреп кетпеуге тиіс. Еліміздің және көрші мемлекеттердің ақпараттық жүйелерін өзара байланыстыру керек.

Мен Жолдауымда жүк тасымалын басқаратын «Smart Cargo» цифрлық платформасын, сондай-ақ кеден рәсімдері жасайтын «Keden» жүйесін енгізуді тапсырдым. Қазір осы жүйелер пилоттық режимде жұмыс істеп тұр.

Барлық мекеменің ақпараттық жүйесін өзара кіріктіріп, бұл платформалардың толық іске қосылуын тездету керек. Осылайша, біртұтас интеллектуалды көлік экожүйесі қалыптасады.

Қорыта келе тағы да айтып өткім келеді: алдымызда ауқымды, маңызды міндеттер тұр. Біз әрдайым бір қадам алда жүруіміз керек. Ойланшыл-толғанып отыратын уақыт жоқ. Батыл, тиімді шешім қабылдап, оны жедел жүзеге асыру қажет. Шынын айтқанда, бүгінгі қаралып жатқан мәселелер – белгілі, олар Жолдауымда да, Ұлттық құрылтайда да көтерілді.

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Мемлекет басшысының ел экономикасын одан әрі нығайту жөніндегі алға қойған міндеттеріне, Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген стратегиялық мақсаттарға сәйкес Үкімет 2025 жылғы жүйелі өзгерістерге бағытталған іс-шаралар қабылдады.

«Салық, тариф және бюджет саясатында, цифрлық және құрылыс секторларында, сондай-ақ әлеуметтік салада қабылданған шешімдер экономиканы дамытуға тосқауыл болып отырған құрылымдық диспропорцияларды жоюға бағытталды. Салық және бюджет реформасы Ұлттық қордан нысаналы трансферттерді алмай-ақ, еліміздің үш жылдық бюджетін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ол 2028-ші жылға қарай бюджет тапшылығын жалпы ішкі өнімнің 0,9%-на дейін қысқартуға ықпал етеді. Жергілікті бюджеттердің республикалық бюджетке тәуелділігі 2025 жылғы 50%-дан 2028 жылы 34%-ға дейін төмендейді», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Жүзеге асырылған реформалар кезеңінде 2025 жылдың қорытындысы бойынша экономиканың орнықты өсімін сақтап қалуға қол жеткізілді. Құндық мәнде ЖІӨ-нің өсуі \$20,1 млрд-ты құрады. Жалпы, 2025 жылы ЖІӨ өсімі 6,5% құрады. Экономикалық өсімді негізгі салалардың жедел дамуы қамтамасыз етті: Оның ішінде көлік – 17,8%-ға, құрылыс – 14,6%-ға, тау-кен өнеркәсібі – 17,4%-ға, өңдеу өнеркәсібі – 12,2%-ға, сауда – 26%-ға және ауыл шаруашылығы – 5,9%-ға өсті.

Үкімет кәсіпкерлік-қоғамдастықпен бірлесіп, шағын және орта бизнесті қолдау шараларын кеңейту бағытында жұмыс жүргізуде.

Елімізде инфрақұрылымды жаңғырту және ірі өнеркәсіптік жобаларды жүзеге асыру басым бағыт ретінде айқындалған. Премьер-министр атап өткендей, микро және шағын бизнесті қолдауға баса назар аударылады. Экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету туралы тапсырмаңызға сәйкес, микро және шағын бизнес субъектілеріне арналған қаржылық, қаржылық емес және инфрақұрылымдық қолдау шараларын бір жүйеге келтіретін «Іскер Аймақ» бағдарламасы бекітілді.

Премьер-министр қолданыстағы құралдардың ШОБ-тың барлық әлеуетін ашуға жеткіліксіз екенін атап өтті. Осыған байланысты Үкімет бизнес-қоғамдастықпен бірлесіп, бизнесті қосымша қаржылық және реттеушілік қолдау шараларын әзірлеуде: Негізгі шаралардың бірі шағын және орта кәсіпорындарды заманауи жабдықтармен қайта жарақтандыру бағдарламасы болмақ. «Бәйтерек» холдингі желісі бойынша арнайы бағдарлама кәсіпкерлерге 10 күн ішінде қосымша кепілсіз заманауи станоктарды сатып алуға жеңілдікті несие алуға және бизнеске бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және тозған материалдық-техникалық база мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтай отырысында айтқан тапсырмасын ескере отырып, жаңа Салық кодексіндегі өзгерістердің бірқалыпты жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, оны жетілдіруге қатысты бизнес субъектілерінің сындарлы ұсыныстарын ескеру маңызды. Бұған дейін 2026 жылдың 1 қаңтарына дейінгі кезеңдегі барлық салықтық тексеруді тоқтату туралы шешім қабылданған болатын. Сонымен қатар биыл микро және шағын бизнеске жол берілген заңбұзушылықтар үшін жауапкершілік шаралары қолданылмайды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 5%-ға артып, 2,2 млн кәсіпорыннан асты. Секторда жұмыспен қамтылғандар саны 3,9%-ға өсіп, 4,5 млн адамды құрады, бұл жұмыспен қамтылғандардың шамамен 46%-ы және елдің барлық экономикалық белсенді халқының жартысына жуығына сәйкес келеді. Жалпы ішкі өнімдегі ШОБ үлесі 40,5%-ды, өнім шығару көлемі шамамен 73 трлн теңгені құрады. Азаматтардың табыс деңгейінің артуы экономиканың өсу қарқынына сәйкес келмеуіні атап өтілді. Еңбекақының Жалпы ішкі өнімдегі үлесінің көрсеткіші шамамен 31%-ды құрап отыр, бұл – Орталық Азия үшін жоғары көрсеткіш. Бірақ біздің мақсатымыз – әлемдік орташа көрсеткіш – 40%-ға және одан жоғары деңгейге жету.

«Жалақының өсу қарқыны бизнес табысының, оның ішінде өз күшімен ері мемлекеттік қолдау есебінен алынған табыс динамикасынан артта қалып отыр. Осыған орай Үкімет халықтың табысын арттыру үшін кешенді шараларды әзірлеуде. Оның аясында қаржылық, салықтық және басқа да ынталандыру шаралары көзделуде. Олар еңбекақыны көтеруге, лайықты жалақы төлеуін жұмыс орындарын көбейтуге, кәсіби дағдылар мен біліктілікті дамытуға, сондай-ақ азаматтар үшін қаржылық жүктемені азайтуға бағытталған», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Үкіметтің 2026 жылға арналған негізгі басымдығы халықтың нақты табысының өсуі болып саналады. Бұған жаңа өндірістер құруға, кәсіпкерлік бастамаларды дамытуға және тұрақты жұмыс орындарын ашуға бағытталған жүйелі шаралар кешені ықпал ететін болады.

Цифрландыру мәселелеріне де назар аударылды. Мемлекет басшысы жариялаған цифрландыру жылы аясында Қазақстан халқына Жолдауында экономиканың барлық салаларына озық технологиялар мен ЖИ енгізу және цифрлық мемлекет құру міндеті қойылды. Алайда бұл бағытта жүзеге асыру жұмыстары тиісті деңгейге жеткен жоқ. Экономиканың нақты секторында цифрландыру процестері әлі де бастапқы сатыда. Осы күнге дейін салалық деректер қорлары толық қалыптаспай отыр. Осы және басқа да мәселелердің барлығы Үкімет әзірлеген «Digital Qazaqstan» стратегиясында өз шешімін табуы тиіс, ол барлық цифрлық бастамаларды жалпыұлттық бағдарламаға біріктіреді.

primeminister.kz

# «АСТАНА – ТАЛДЫҚОРҒАН» БАҒЫТЫНДА ЖАҢА ТЕМІРЖОЛ МАРШРУТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ



Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі «Астана – Талдықорған» бағыты бойынша жаңа теміржол қатынасының іске қосылатыны туралы хабарлайды.

Жаңа бағытты ашу Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарының бастамасымен, Көлік министрлігі және Ұлттық тасымалдаушы — «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның бірлескен жұмысы аясында, сондай-ақ азаматтардың көптеген өтініштері ескеріле отырып жүзеге асырылды.

Аталған бағытты іске қосу Жетісу облысының көлік қолжетімділігін арттыруға, жолаушылар сұранысының өсуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ елорда мен өңірлер арасында жайлы, қауіпсіз және тұрақты теміржол қатынасын қалыптастыруға бағытталған.

Бастапқы кезеңде ұлттық тасымалдаушы тарапынан екі жолаушылар вагоны бөлініп, олар №122/121 «Нұрлы жол – Семей» пойызының құрамында күн ара қатынайтын болады.

Ақтоғай станциясында аталған вагондарды №631/632 «Ақтоғай – Талдықорған» пойызына қайта тіркеу көзделген, бұл бүкіл маршрут бойымен үздіксіз өрі ыңғайлы қатынасты қамтамасыз етеді.

Көлік министрлігі бұл формат бастапқы кезең екенін атап өтеді. Тұрақты жолаушылар сұранысы қалыптасқан жағдайда вагондар саны мен қатынау жиілігі кезең-кезеңімен ұлғайтылатын болады, бұл маршрутты халықтың қажеттіліктеріне икемді түрде бейімдеуге мүмкіндік береді.

Жаңа теміржол қатынасының ашылуы: -өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық байланыс тарды нығайтуға;

-тұрғындардың мобильділігін арттыруға;

-ішкі туризм мен іскерлік белсенділікті дамытуға;

-Жетісу облысының туристік тартымдылығын арттыруға ықпал етеді.

Пойыздың қатынауы ағымдағы жылдың сәуір айына жоспарланған және Талдықорған қаласындағы жаңғыртылған теміржол вокзалының салтанатты ашылуына орайластырылатын болады. Жаңартылған вокзал инфрақұрылымы жолаушылар үшін қызмет көрсету, жайлылық және қауіпсіздік деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Мемлекет басшысының тапсырмалары мен көлік саласының стратегиялық басымдықтарына сәйкес жолаушылар тасымалының маршруттық желісін дамыту, жылжымалы құрамды жаңғырту және көлік қызметтерінің сапасын арттыру бойынша жүйелі жұмысты жалғастыруда.

Дереккөз: ҚР Көлік министрлігінің ресми сайты



пайдалануға жарамсыз күйге жетті. Соңғы жылдарда бұл көпір қайта жаңғыртылып, жаңадан салынды. Қазіргі таңда көпіріміз кең өрі биік. Жан-жағы қоршалған, су тасқынына төтеп беретіндей берік етіп жасалған. Бұл ауыл тұрғындарының қауіпсіздігі мен жол қатынасына үлкен жеңілдік әкелді, — деді ауыл тұрғыны Серікбай Жапабаев.

Апатты көпірлер мәселесін шешу быыл да жалғасуда.

- Жетісу облысында 15 көпір апатты деп танылған, соның 5-еуі толық жөнделді. Қалған 10 көпірде қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Биылғы жылы олардың 8-ін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Атап айтқанда, Қаратал ауданында үш нысан — «Алматы – Өскемен – Молалы – Үштөбе» автомобиль жолында, Түгелбай жайылымы мен Тастөбе

ауылына кіреберіс автомобиль жолдарында, Ескелді ауданында «Көксу – Балпық Би – Қарабұлақ – Қайнарлы» автомобиль жолында, Алакөл ауданында — «Қабанбай – Көктұма» автомобиль жолында, Сарқан ауданында — «Қойлық – Қарғалы» автомобиль жолында және Көктерек ауылына кіреберіс жолда, Көксу ауданында Айнабұлақ ауылына кіреберіс жолда орналасқан көпірлер бар. Қалған екі көпірдің құрылысы кезең-кезеңімен аяқталады, — деді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ғалымжан Дәрібаев.

Жалпы, Жетісу облысында жергілікті маңыздағы 118 көпір бар. Фотосуреттерді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы ұсынды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

# ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА АПАТТЫ КӨПІРЛЕРДІҢ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛУДЕ



Жетісу облысында апатты көпірлерді жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр. Атап айтқанда, бес көпір күрделі жөндеуден соң пайдалануға берілсе, бүгінгі күні он көпірде қайта жаңғырту жүргізілуде. Бұл құрылыс жұмыстары Мемлекет басшысының Жетісуға келген сапарында берілген тапсырмасын орындау аясында атқарылуда, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі. Облыстық жолаушылар

## АНА ТІЛІ- РУХАНИ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТІРЕГІ

Қай халықтың да тарихи ғұмыры оның жерімен ғана емес, ең әуелі тілімен, дүниетанымымен және рухани өзегінің беріктігімен өлшенеді. Мемлекет құру – бір басқа, ал ұлт болып қалу – мүлде өзге жауапкершілік. Осы тұрғыдан алғанда, ана тілі, ұлттық құндылықтар мен рухани тәуелсіздік мәселесі – уақытша науқандық тақырып емес, әр дәуірде қайта-қайта ой елегінен өтіп отыруды талап ететін тағдырлы мәселе.

Ана тілі – ұлттың жадын сақтаушы ғана емес, оның ойлау мәдениетін қалыптастыратын негізгі тетік. Халықтың болмыс-бітімі, мінез-құлқы, дүниені тану тәсілі ең алдымен тіл арқылы көрініс табады. Қазақ тілі ғасырлар бойы ұлан-ғайыр далада қалыптасқан өмір салтының, еркіндікке ұмтылған рухтың, сөз қадірін білген зерденің жемісі. Жыраулар мен ақындар, шешендер мен билер тілді тек сөйлеу құралы емес, ел басқару мен қоғамды тәрбиелеудің қуатты құралына айналдыра білді.

Тілдің табиғи қолданыс аясынан тарылуы – ұлт санасының тарылуымен тікелей байланысты. Ана тілінде ойланбаған қоғамда ұлттық пайым әлсірейді, ал бұл рухани тәуелсіздікке ұлқан соққы. Тілді заңмен қорғау жеткіліксіз, оны өмір салтына айналдыру қажет. Ғылым да, білім де, мәдениет те, ақпарат кеңістігі де ана тілінің қызмет ету өрісіне айналмайынша, тіл өзінің толық ғыуатын аша алмайды.

Ұлттық құндылықтар – ұлттың ішкі құндылықтар жүйесі. Олар ғасырлар бойы қалыптасқан өмір тәжірибесінен, тарихи сындардан өткен даналықтың қорытпасы. Қазақ қоғамындағы ар-намыс, ұят, обал-сауап, үлкенді сыйлау, ел мен жерге адал болу сияқты ұғымдар құқықтық нормадан бұрын сананы реттейтін рухани заңдар қызметін атқарды. Бұл құндылықтар әлсіреген жерде сыртқы тәртіп болғанымен, ішкі тұтастық жоғалады.

Қазіргі кезеңде ұлттық құндылықтарды ескілікпен теңестіру үрдісі байқалады. Бұл – үстірт түсініктің көрінісі. Шын мәнінде, ұлттық құндылықтар – қоғамды артқа тартатын емес, оны іштен ыдыраудан сақтайтын күш. Мәселе сол құндылықтарды заман талабына сай зерделеп, мазмұнын жаңарта білуде. Ұлттың рухани тәжірибесін жоққа шығару – өзін-өзі жоққа шығару деген сөз.

Рухани тәуелсіздік ұғымы көбіне саяси немесе экономикалық тәуелсіздіктің көлеңкесінде қалып қояды. Алайда рухани тәуелсіздігі жоқ ел өзге саладағы жетістігін де баянды ете алмайды. Рухани тәуелсіздік – өз тарихыңды өз көзіңмен бағалау, өз мәдениетіңді өз өлшеміңмен таразылау, өз болмысыңды өзге өркениеттермен тең дәрежеде ұсына білу қабілеті. Бұл қасиет ұлттық комплекстен де, оқшауланудан да адам сананың жемісі.

Жаһандану жағдайында рухани тәуелсіздік ұранмен емес, саналы таңдаумен қалыптасады. Әлемдік өркениетті қабылдау мен ұлттық болмысты сақтау бір-біріне қарсы ұғымдар емес. Керісінше, рухани негізі берік халық қана өзге мәдениеттермен тең сөйлесе алады. Ана тілі мен ұлттық құндылықтарға сүйенбеген жаңғыру – тамырсыз ағаш іспетті.

Жастар тәрбиесі – осы ұштағанның сыналар тұсы. Егер жас ұрпақ ана тілінде ойламаса, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірмесе, рухани тәуелсіздік ұғымы қағаз жүзіндегі сөз болып қалады. Сондықтан білім беру жүйесінің басты мақсаты тек кәсіби маман даярлау емес, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан тұлға тәрбиелеу болуы тиіс. Тәрбиесіз білім – қауіпті, ал ұлттық негізсіз жаңғыру – баянсыз.

Бүгінгі ақпарат тасқыны күшейген заманда жастардың санасы үшін күрес жүріп жатыр. Егер ана тілі мен ұлттық құндылықтар жүйелі түрде насихатталмаса, жас ұрпақ рухани тамырынан ажырауы мүмкін. Сол себепті отбасы, мектеп, жоғары оқу орны, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер бір бағытта жұмыс істеуі қажет. Тілді үйрету емес, тілде өмір сүру мәдениетін қалыптастыру – басты мақсат болуы тиіс.

Ана тілі, ұлттық мектеп, ұлттық баспасөз – олардың басты мұраттары болды. Бұл ұстаным бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ, керісінше жаңа мазмұнда қайта қарауды талап етеді.

Ана тілі, ұлттық құндылықтар және рухани тәуелсіздік – бір-бірінен бөле-жара қарауға келмейтін тұтас жүйе. Бұл жүйе әлсіресе, ұлттың тарихи миссиясы да төменсіленеді. Ал осы рухани негіз берік болған жағдайда ғана қоғам сыртқы ықпалға жұтылып кетпей, өз жолымен дамуға қабілетті болады. Ұлт ретінде сақталудың ең сенімді жолы – рухани тәуелсіздікті тіл мен құндылық арқылы нығайту. Бұл – бүгінгі буынның ғана емес, келер ұрпақтың алдындағы ең үлкен аманат.

Диана Дауренқызы

## СӨЗДІҢ СЫРЫ ЖҰМАТАЙ



2026 жылдың 30 қаңтар күні Жетісу ауылдық мәдениет үйінде қазақ өлеңінің төрінде ерекше оры бар, поэзиясы талай жүректерді жібіткен, лирикалық өлеңдерімен оқырман қауымды өзине тәнті еткен, ерекше дарын иесі, қазақ поэзиясының қайталанбас тұлғасы, көрнекті ақын, сөз зергері жергілікті

ақын Жұматай Жақыпбаевтың шығармашылығынан «Сөздің сыры - Жұматай» атты әдеби-сазды кеш өткізілді. Кешке оқырмандар мен қатар ақын С.Тойлыбаев, Қ.Карибаева, К.Жаксенов және ақынның жұбайы Мара Жақыпбаева сонымен қатар ақынның сыныптастарымен жерлестері де

қатысты. Қазақ поэзиясының сыршыл да сәрілі әлемінде Жұматай Жақыпбаевтың орны бөлек. Ол – өлеңді тек сөз өнері емес, жанның айнасы, сезімнің шындығы деп түсінген ақын. Оның поэзиясынан жүрек лүпілі, өмірге деген нәзік көзқарас, махаббат пен мұң қатар өрілген ерекше рух сезіледі.

Жұматай Жақыпбаевтың өлеңдеріндегі басты құдірет – сөздің сыры. Ақын әрбір сөзді талғап қолданады, әрбір жолында терең мағына жатады. Оның жырларында артық айқай, жасанды пафос жоқ. Керісінше, тыныштықта айтылған шындық, жүректен шыққан сыр бар. Сондықтан да оның өлеңдері оқырманын бірден баурап алады.

Бүгінгі күні Жұматай Жақыпбаевтың шығармашылығы – жас оқырман үшін рухани тәрбие, сөз қадірін түсінудің үлгісі. Оның өлеңдері уақыт өткен сайын өз маңызын жоймай, қайта тереңдей түсуде. Себебі ақын жырлаған сезімдер – мәңгілік.

«Сөздің сыры Жұматай» деуіміздің себебі де осында. Ол сөз арқылы жанның сырын ашты, өлең арқылы адам жүрегіне жол тапты. Жұматай поэзиясы – қазақ әдебиетінің қазынасындағы асыл мұра, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар рухани байлық.

Ботабай Лаура Ерболқызы, Жетісу ауылдық кітапханасының кітапханашысы

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ 2026 ЖЫЛҒЫ

### 15 НАУРЫЗДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Қазақстан Республикасы Конституцияның 44-бабының 10) тармақшасына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізілсін.

2. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы: «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал қойылып, республикалық референдумға шығарылсын.

3. Осы Жарлық пен Конституцияның жобасы 2026 жылғы 12 ақпанда бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.


4. Республикалық референдумға дайындық пен оны өткізу Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, республикалық референдумды ұйымдастыру және өткізу бойынша қажетті шаралар қабылдасын.

6. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

gov.kz

## ЕРЛІК ПЕН РУХТЫҢ БЕЛГІСІ-БЕС ҚАРУ



Қазақ халқының жауынгерлік мәдениетінде «ер қаруы – бес қару» ұғымы айрықша орын алады. Бұл ұғым батырдың соғыс кезіндегі толық қарулануын білдіріп, көшпелі қоғамдағы әскери өнердің жоғары деңгейін көрсетеді. Бес қару – тек шайқас құралы ғана емес, батырдың мәртебесі мен ерлік рухының символы.

Бірінші қару – садақ.

Садақ қазақ жауынгерлерінің ең көне әрі негізгі қаруы болды. Ол алыстан соққы беруге арналған. Садақ көбіне ағаш, мүйіз және сіңірден құрастырылып, жебелері темірден жасалды. Садақ тарту – үлкен шеберлік пен күшті талап ететін өнер саналған.

Екінші қару – найза.

Найза атты әскер үшін таптырмас қару еді. Ұшы үшкір темірден жасалып, сабы ұзын ағаштан болды. Найза жауға қарсы шабуылда да, қорғаныста да кең қолданылды.

Үшінші қару – қылыш (семсер).

Қылыш – жақын шайқаста қолданылатын негізгі суық қару. Қазақ қылыштары көбіне сәл иілген, өткір әрі жеңіл болып келді. Ол батырдың айбынын арттырып, жауынгерлік рухын танытты.

Төртінші қару – айбалта.

Айбалта соғыста да, тұрмыста да қолданылған әмбебап қару болды. Оның салмақты жүзі қарсыластың қаруын сындырып, ауыр соққы беруге мүмкіндік берді.

Бесінші қару – шоқпар.

Шоқпар көбіне ағаштан немесе темірмен қапталған ағаштан жасалды. Бұл қару қарсыласты есеңгіретуге, сауытты жарамсыз етуге арналған.

Қазақ батырлары осы бес қаруды толық меңгеріп, жауынгерлік шеберліктің биік үлгісін көрсетті. Аталған бес қару Лепсі тарихи музейіне музей қолдаушысы Қасымбаев Асқар Жүнісұлы тарапынан қазақ батырларының ерлік тарихын ұмыт қалдырмай, оны болашақ ұрпаққа таныстырып, ұлттық рухты дәріптеу мақсатында сыйға тартылды. Бұл құнды жәдігерлер халқымыздың жауынгерлік дәстүрі мен тарихи жадысын сақтауда маңызды орын алады.

Шолпан Абдиқаримова,

Лепсі тарихи музейінің қор сақтаушысы

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнді күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қайсын болмасын да қатты алаңдататыны айқын.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік

танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

«Жетісу облысы Ескелді ауданы Бақтыбай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы

іс-қимыл жөнінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі бойынша құқықтық семинар, дөңгелек үстел ұйымдастырылып өткізілуде. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде (Instagram) мақалалар үнемі жарияланады.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарау қадағаланып, барлық өтініштер белгіленген мерзімде қаралады. Мемлекеттік қызметтің 5 түрі көрсетіледі. Мемлекеттік қызметтер «Е-Өтініш» және «Е-лицензия» веб порталы арқылы электрондық түрде қабылданып, заң шеңберінде қаралып жауап беріледі.

Мамандар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары үнемі бақылауға алынған. Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұдан да биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы

да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тесеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту — әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Ш Махмут, Бақтыбай ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 24 ШІЛДЕДЕГІ № 49-142 «ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ БОЙЫНША ЖЕР САЛЫҒЫНЫҢ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

**Ескелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**  
1. Ескелді аудандық мәслихатының «Ескелді ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» 2025 жылғы 24 шілдедегі №49-142 шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін: көрсетілген шешімнің негізгі бөлігі келесідей редакцияда баяндалсын: «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 582-бабы, 1-тармағына сәйкес, Ескелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ.».  
2. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

# О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ В РЕШЕНИЕ ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА ОТ 24 ИЮЛЯ 2025 ГОДА № 49-142 «О ПОВЫШЕНИИ СТАВОК ЗЕМЕЛЬНОГО НАЛОГА ПО ЕСКЕЛЬДИНСКОМУ РАЙОНУ»

**Ескельдинский районный маслихат РЕШИЛ:**  
Внести следующие изменения в решение Ескельдинского районного маслихата от 24 июля 2025 года № 49-142 «О повышении ставок земельного налога по Ескельдинскому району»:  
Основную часть указанного решения изложить в следующей редакции:  
«В соответствии с пунктом 1 статьи 582 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс), Ескельдинский районный маслихат ПРИНЯЛ».  
2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2026 года.

# ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ



2025 жылдың 22-24 қаңтар күндері аралығында Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров кентінде қазақ күресінен 2009-2010 ж.т. жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында Жетісу облысының чемпионаты өтті.  
Аталған жарысқа облысымыздың аудандары мен қалаларынан 10 командада 170 спортшы қатысты. «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 8 спортшысы қатысып, жарыс қорытындысы бойынша Байтұрған Ерасыл 2 орын, Әбікен Әли 3 орын, Хаяратқызы Назым 3 орын иеленді.  
**ЖАТТЫҚТЫРУШЫ: ҚҰЛЖАБАЙ РИНАТ.**  
Адильбеков Қапалбай Куатұлы «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысы

# БАСКЕТБОЛДАН ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ

2025 жылдың 28-31 қаңтар күндері аралығында Жетісу облысы, Талдықорған қаласында 3x3 баскетболдан жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында Жетісу облысының чемпионаты өтті.  
Аталған жарысқа облысымыздың аудандары мен қалаларынан 60 командада 180 спортшы қатысты. «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің U-11 жасөспірім ұлдар, U-11 жасөспірім қыздар және U-13 жасөспірім ұлдар командалары қатысып, жарыс қорытындысы бойынша U-11 қыздар командасы 2 орын иеленді.  
**ЖАТТЫҚТЫРУШЫ: ШӘКІР ІЛИЯС**  
Адильбеков Қапалбай Куатұлы «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысы




# ПОЖАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ МНОГОЭТАЖНЫХ ДОМОВ

Как собственникам квартир, так и руководителям жилищно-эксплуатационных организаций следует всегда помнить, что при несоблюдении, грубом нарушении требований пожарной безопасности многоквартирные, особенно высотные жилые здания, могут стать губительной ловушкой, заполненной ядовитым дымом. Большинство причин пожаров, условия быстрого распространения из квартиры в квартиру через балконы/лоджии, установленные в ходе незаконных перепланировок перегородки, коробка вентиляции, связаны с нарушениями пожарной безопасности внутри жилых зданий. Если руководство, мастера жилищно-эксплуатационных организаций должны следить за состоянием нежилых помещений, противопожарных преград, инженерных сетей, входящих в фонд площади общего пользования – от подъездов до чердаков, подвалов, заключать договоры на проведение своевременного технического сервиса систем сигнализации о пожаре, дымоудаления, внутреннего, наружного противопожарного водоснабжения; то собственники, арендаторы жилых, офисных, торговых помещений должны неукоснительно соблюдать правила пожарной безопасности.  
В подъезде многоквартирного дома ЗАПРЕЩАЕТСЯ:  
хранить как горючие, так и негорючие материалы, вещества, ведь это загромождает пути эвакуации;  
устанавливать в лифтовых холлах, на площадках лестниц, вокруг неэксплуатируемых стволов мусоропроводов кладовые, делать несанкционированную перепланировку внутри квартир, в местах общего пользования, в том числе устанавливая металлические решетки для ограничения доступа;  
загромождать, заваривать люки аварийных путей, выходов на лоджиях высотных жилых зданий.  
использовать поврежденную электропроводку;  
оставлять без надзора бытовые нагревательные агрегаты, газовое отопительное оборудование;  
пользоваться для очистки загрязнений ЛВЖ, горючими жидкостями, так как это может привести к пожару;  
переоценивать свои силы и возможности;  
рисковать своей жизнью, спасая имущество;  
заниматься тушением огня, не вызвав предварительно пожарных;  
тушить водой электроприборы, находящиеся под напряжением;  
прятаться в шкафах, кладовых, забиваться в углы и т.п.  
Правила поведения при пожаре:  
- при обнаружении пожара или признаков горения (задымление, запаха гари, повышенной температуры) незамедлительно сообщить по телефону 101, 112 в противопожарную службу;  
- при этом назвать адрес объекта, место возникновения пожара и сообщить свою фамилию;  
- в случае угрозы жизни людей немедленно организовать их спасение, используя для этого имеющиеся силы и средства;  
- до прибытия пожарного подразделения использовать в тушении пожара имеющиеся первичные средства пожаротушения (вода, песок, снег, огнетушители, тканевые материалы смоченные водой);  
- удалите за пределы опасной зоны людей пожилого возраста, детей, инвалидов и больных.  
**К. Ашимов**  
Старший инженер ОЧС Ескельдинского района

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ОРГАНДАРЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

**Жемқорлыққа ЖОЛ ЖОҚ!**



Мемлекеттік қазынашылық органдарындағы сыйбас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бюджет процесінің ашықтығын, тиімділігін және зандылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Қазынашылық жүйенің сенімді жұмыс істеуі мемлекеттік қаржының мақсатты әрі ұтымды пайдаланылуына тікелей әсер етеді. Осы тұрғыда сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімді жүзеге асырылуы қоғамның мемлекеттік басқару жүйесіне деген сенімін арттырудың негізгі факторы болып табылады.

Қазынашылық органдарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету мақсатында заманауи бақылау тетіктері мен автоматтандырылған ақпараттық жүйелер кеңінен енгізілуде. Бұл жүйелер адам факторын барынша азайтып, қаржылық операциялардың ашықтығы мен бақылауын күшейтуге мүмкіндік береді. Электрондық форматта жүзеге асырылатын рәсімдер қаржы қозғалысының барлық кезеңдерінде есептілік пен бақылауды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, қазынашылық органдарда тұрақты түрде ішкі бақылау жүргізіледі. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылып, құқықтық сауаттылықты арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Осы мақсатта семинарлар, техникалық оқулар мен тренингтер тұрақты түрде өткізіліп, қызметкерлерге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жолдары, қызметтік әдеп нормаларын сақтау және жауапкершілік мәселелері жан-жақты түсіндіріледі. Қызметтік әдеп қағидаларын сақтау, адалдық, ашықтық және жауапкершілік принциптерін ұстану қазынашылық органдар қызметінің негізгі бағыты болып табылады.

Әрбір қызметкер өз қызметтік міндеттерін орындау барысында заң талаптарын қатаң сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік танытуға міндетті.

Осылайша, мемлекеттік қазынашылық органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйелі әрі кешенді сипатқа ие. Алдын алу шараларын жетілдіру, қызметкерлердің құқықтық мәдениетін арттыру және заманауи технологияларды қолдану сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуға және мемлекеттік қаржы жүйесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ескелді аудандық қазынашылық басқармасының ұжымы да сыбайлас жемқорлыққа қатаң бақылауда ұстанады.

**А.С. Сатоболдинова**  
Ескелді аудандық қазынашылық басқармасының басшы м.а.

# АЙМАҚТЫҚ ШАҒЫН ФУТБОЛ



2026 жылдың 10 ақпан күні Бақтыбай және Алдаберген ауылдық округтері бірлесіп, тұрғындар арасында аймақтық шағын футбол жарысын өткізді.

Аталған спорттық шараның негізгі мақсаты – бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау және ауыл тұрғындары арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту болды. Жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылар тартысты әрі қызықты ойын өрнегін көрсетті.

**Жарыс қорытындысы бойынша:**  
1 орын – Бақтыбай командасы  
2 орын – Сейфуллин командасы  
3 орын – Бақтыбай-2 командасы иеленді.

Жеңіске жеткен командалар “Спортты дамыту және бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы” КММ-сі Ескелді аудандық филиалының атынан арнайы кубок, медаль және грамоталармен марапатталды.

Ұйымдастырушылар барлық қатысушыларға алғыс білдіріп, спортшыларға алдағы жарыстарда толағай табыс пен сәттілік тіледі.

**Г.ОМАРОВА,**  
«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

# 2026 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНДА МӘМС АЯСЫНДА ЖАСАЛҒАН ТОП 10 ОПЕРАЦИЯ

**МӘМС қаражаты есебінен жасалатын ота түрлері мыңдаған адамның өміріне араша болуда. Жоғары технологиялы медициналық көмек – дәрі-дәрмек пен басқа да ем-шаралардан нәтиже болмаған жағдайда адам өмірін сақтап қалудың жалғыз мүмкіндігі. Кезінде қазақстандықтар шет ел алып жасататын күрделі операциялар бүгінде еліміздегі медициналық ұйымдарда жасалуда. Мақаламызда жылдың алғашқы айында отандық медицинада жасалған күрделі 10 операцияны жинақтадық.**

**Алматы облысының Қарасай ауданында алғаш рет перкутандық эндоскопиялық гастростомия операциясы жасалды**

Заманауи, аз инвазивті бұл әдіс жұтыну қызметі бұзылған және өңештің ауыр ауруларына шалдыққан науқастарға қолданылады. Күрделі ота МӘМС аясында 1952 жылы туған науқасқа жүргізілді. Оған оң жақ өкпенің төменгі бөлігінің ІІІ сатыдағы орталық обыры диагнозы қойылған. Ауру өңештің ортаңғы және төменгі бөліктерінің стенозымен асқынып, науқастың табиғи жолмен тамақтануына мүмкіндік бермеген. Клиникалық көрсеткіштерді ескере отырып, дәрігерлер эндоскопиялық бақылау арқылы асқазанға жасанды жол ашатын перкутандық эндоскопиялық гастростомия жасау туралы шешім қабылдады. Бұл әдіс науқасты энтеральды тамақтандыруға мүмкіндік береді. Аталған операция хирургиялық тіліксіз орындалады, жарақаттау деңгейі төмен және асқину қауіпі аз. Сонымен қатар, бұл тәсіл науқастардың өмір сүру сапасын жақсартып, әрі қарай арнайы ем жүргізуге жағдай жасайды.

Солтүстік Қазақстанда пациенттің операциядан кейін саусақтарының қозғалысы қалпына келтірілді

Облыстық көпсалалы ауруханасында бір жылдан астам уақыт бойы саусақтарының қимылы шектелген науқастың саусақ қозғалысы толық қалпына келтірілді. Дәрігерлер оған күрделі білек ауруы диагнозын қойып, жоспарлы операция жасады. Тексеру барысында саусақ қимылына жауап беретін жүйкенің қысылғаны анықталған. Мамандардың айтуынша, білек өзегі синдромы көбіне кеңсе қызметкерлері мен қол еңбегімен көп айналысатын адамдарда кездеседі. Ауру ұзақ уақыт емделмесе, саусақтардың қозғалысы айтарлықтай шектелуі мүмкін.

Алдымен науқасқа консервативті ем тағайындалған. Алайда нәтиже болмаған соң, МӘМС аясында хирургиялық араласу жүргізу туралы шешім қабылданды. Операция уақыты шамамен 40 минутқа дейін жалғаспады. Отадан кейін саусақтардың қозғалысы қалпына келіп, пациент қалыпты өмірге оралды.

Түркістанда бас миының ірі ісіктеріне күрделі нейрохирургиялық ота жасалды

Қалалық ауруханада бас миының үлкен көлемді ісіктерін ала бойынша күрделі ота сәтті жүзеге асырылды. Жоғары техно-

логиялы медициналық көмектің бұл түрі МӘМС жүйесі аясында тегін көрсетілді. Ауруханаға 1958 жылы туған науқас инсультке күдікпен, айқын когнитивті бұзылыстар белгілерімен жеткізілген. Жүргізілген диагностикалық зерттеулер нәтижесінде науқастың бас миында көлемді ісіктер анықталды. Науқасқа оң жақ маңдай-төбе-самай сүйектерінің костно-пластикалық трепанациясы, бас миының оң жақ төбе және маңдай-самай бөліктеріндегі көлемді түзілістерді микрохирургиялық жолмен алып тастау отасы, қатты ми қабығының пластикасы жасалды. Ота барысында бас миындағы екі ірі көлемді ісік толықтай алынды. Қазіргі таңда науқастың жағдайы тұрақты, жансақтау бөлімінде дәрігерлердің тұрақты бақылауында.

Маңғыстау облысында алғаш рет кардиостимулятор орнату бойынша заманауи операция сәтті жүргізілдіКүрделі операция міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында Тараз қаласынан келген пациентке жасалды. Медициналық құрал-жабдық пациенттің жүрек қызметін және орнатылған кардиостимулятордың жұмысын тәулік бойы автоматты түрде бақылауға мүмкіндік береді. Пациент үй жағдайында бола отырып, дәрігерлердің тұрақты бақылауында болады.

Халықаралық клиникалық зерттеулерге сәйкес, BIOTRONIK Home Monitoring жүйесін қолдану пациенттердің қауіпсіздігін арттырып, операциядан кейінгі асқинулардың қауіпін төмендетеді.

Шымкенттік дәрігерлер ішегі бірнеше жерден тесілген азаматты құтқарды

Қалалық №1 клиникалық ауруханасының дәрігерлері 38 жастағы азаматты ажалдан арашалап қалды. Науқас ауруханаға ауыр халде жеткізілген. Тексеру барысында оның ас ішегі 3-4 жерден тесіліп, іш қуысына инфекция тарағаны анықталды.

Дәрігерлердің айтуынша, асқазаннан өткен ұзындығы шамамен 3 сантиметр болатын өткір сүйек ішекті тесіп, перфорацияға әкелген. Соның салдарынан перитонит – іш пердесінің жедел қабынуы басталған. Сонымен қатар, науқаста тамақ өтімсіздігі де байқалған.

Ота барысында хирургтер ішекті тесіп тұрған сүйекті алып, зақымдалған ішек бөліктерін тігіп, қалпына келтірді. Сондай-ақ іш қуысы толық тазартылып, перитониттің зардаптары жойылды.

Қарағандыда 13 жастағы қызға жүрек отасы жасалды

№2 көпбейінді аурухана хирургтері жасөспірімге МӘМС есебінен күрделі және сирек жасалатын жүрек отасын сәтті өткізді. Бұл операцияда жүрекке қосылатын жоғарғы қуыс венаны яғни, қан тамырын кеңейтетін пластика алғаш рет қолданылды.

Ауру ұзақ уақыт бойы жасырын түрде өтіп, спорттық жарыстар алдындағы жо-спарлы медициналық тексеру кезінде кездейсоқ анықталған. Уақыт өте келе қызда еңтігу, тез шаршау және өлсіздік

байқалған. Консервативті ем нәтижесіз болғандықтан, дәрігерлік консилиум хирургиялық араласу туралы шешім қабылдады. Операция сәтті өтіп, баланың алдағы сауығу көрсеткіші жақсы.

Оралда зейнеткердің аяқ тамырына күрделі ота жасалды

71 жастағы пациенттің аяқ тамырлары бітеліп, халі мүшкіл күйге түскен. Облыстық ауруханада қарияға МӘМС аясында реконструктивті операция сәтті жасалды. Бітелген қан тамыры алынып, оның орнына жасанды қан тамыры орнатылған. Дәрігерлердің айтуынша, науқас ауруханаға төменгі аяқ-қол тамырларының атеросклерозы диагнозымен түскен.

Операцияға дейін науқас небәрі 10-15 метр ғана жүріп, аяғы тез шаршап, қатты ауырсыну сезініп болған. Ал операциядан кейін оның жағдайы айтарлықтай жақсарып, бүгінде 200-500 метр аралығында еш қиындықсыз, өздігінен еркін жүре алады.

Жетісуда алғаш рет бауыр эхинококкозымен ауыратын пациентке лапароскопиялық ота жасалдыТалдықорған қалалық көпсалалы ауруханасында МӘМС есебінен алғаш рет бауырдың оң жақ бөлігінің эхинококкозы және өт-тас ауруы бар пациентке бірегей ота жасалды. Операция барысында лапароскопиялық перцистэктомия және холецистэктомия қолданылып, 58 жастағы пациенттен бауырдағы паразиттік зақымдану мен өт қабының патологиясы бір мезетте алынып тасталды.

Ұлытау облысында 62 жастағы науқасқа күрделі ангиографиялық ота жасалды

Пациенттің қол-аяқтары ұйып, сөйлеу қабілеті нашарлай бастаған. Тексеру кезінде мойындағы қан тамырының 70%-ға бітелгені анықталған.

Дәрігерлер қарияға МӘМС есебінен күрделі ангиографиялық ота жасап, қан айналымын қалпына келтірді. Қазір науқас қалыпты өміріне оралған. Ангиографиялық араласулар өмірге қауіпті тамыр бітелулерін дәл анықтап, дер кезінде медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Ақтөбеде туа біткен жүрек ақауы бар 8 балаға күрделі ота жасалды

Көпбейінді облыстық балалар ауруханасында 8 кішкентай пациентке жүрекке интервенциялық ота жасалды. Балаларға жоғары мамандандырылған көмекті медициналық сақтандыру аясында елордалық маман – УМС Жүрек Орталығының интервенциялық кардиологы Ерик Отарбаев көрсетті. Бұл оталар аз инвазивті әдіске жатады және олардың өсері өмір бойы сақталады.

Ота сәттілігінің маңызы тек ақауды жоюмен шектелмей, науқастың тез қалпына келуімен және ауруханадан қысқа мерзімде шығарылуымен ерекшеленеді.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы**

# ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ КЕСТЕ БОЙЫНША ТӨЛЕМДЕРІ ҚАШАН ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖҮГІНУ КЕРЕК

**Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес «БЖЗҚ» АҚ-дан (БЖЗҚ, Қор) белгіленген кесте бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемдері зейнет жасына толған адамдарға (ерлер – 63 жас, әйелдер – 61 жас), сондай-ақ мерзімсіз уақытқа белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамдарға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.**

Зейнет жасына жетуіне байланысты зейнетақы жарналарының міндетті түрлері есебінен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен базалық және ынтымақты зейнетақы тағайындау үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) уақытылы жүгінуі қажет. Мұны зейнет жасына дейін 10 күн қалғанда жасауға болады. Зейнетақы төлемдерінің барлық түрлері өтініш берілген күннен бастап жүргізіледі. Егер алушы өтініш берген күні зейнет жасына толып қойған болса, өтініштің және қажетті құжаттардың ХҚКО-ға тіркелген күні өтініш берілген күн болып есептеледі. Ал азамат зейнетақы төлемін алуға зейнет жасына толғанға дейін, ертерек жүгінген болса, зейнет жасына толған күн – өтініш берілген күн болып есептеледі. Өткізіп алған уақыт үшін мемлекеттік бюджеттен, сондай-ақ БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемі тағайындалмайтынын есте ұстаған жөн.

Сондай-ақ, бюджеттен зейнетақы төлемдерін ресімдеу үшін де уақытылы жүгіну маңызды, өйткені оларды тағайындау үшін алушы ұсынған құжаттар бойынша еңбек өтілін тексеру қажет.

Айта кету керек, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша белсенді қызмет көрсету мақсатында зейнет жасына толған, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, бірақ зейнетақы төлеміне өтініш бермеген тұлғалар бойынша Қор жыл сайын Мемлекеттік корпорациямен бірлесіп осы азаматтардың жасына байланысты тағайындалған зейнетақы төлемдерінің және бюджет есебінен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің болуы тұрғысынан салыстырып тексеруді жүргізеді. Жыл сайынғы салыстырып тексеру нәтижелері бойынша бюджет қаражаты зейнетақы тағайындалған зейнетақы төлемдері бар адамдар анықталған жағдайда, БЖЗҚ алушыларға мемлекеттік корпорациямен жасасқан тиісті келісім шеңберінде жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде ХҚКО-ға ұсынған банктік деректемелері бойынша зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру проактивті (өтінішсіз) қызметін көрсетеді.

Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты зейнетақы жинақтары төлемін алу үшін БЖЗҚ бөлімшелеріне не электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, БЖЗҚ сайтындағы (enpf.kz) немесе мобильді қосымшасындағы жеке кабинет арқылы жүгіну қажет.

БЖЗҚ-да мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін көшпелі қызмет көрсетудің ұйымдастырылғанына назар аударамыз. Бұл ретте алдын ала ақыл-кеңес, оның ішінде қызметтерді қашықтан, ешқайда бармай-ақ алу мүмкіндігіне тексеру жүзеге асырылады. ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасы басталғанға дейін – 50 жастан бастап алуға болады. Бұған қоса, ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдері белгіленген мүгедекті тобы мен мерзіміне қарамастан мүгедектігі бар адамдарға да беріледі.

Жасы бойынша немесе мүгедектікке байланысты ЕЗЖ есебінен төлемдер алуға өтінішті enpf.kz сайтындағы жеке кабинетте онлайн-форматта беруге болады. Төлемдерді алу кестесін салымшы дербес белгілейді.

Айта кету керек, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

enpf.kz сайтындағы «Қызметтер – Зейнетақы төлемдері – Кесте бойынша төлемдер» бөлімінде зейнетақы төлемдерінің түріне, құжаттарды беру тәсіліне, оларды ресімдеуге қойылатын талаптарға байланысты құжаттардың тізбесі, өтініш бланкілері және оларды толтыру үлгілері, сенімхат үлгісі орналастырылған.

«БЖЗҚ» АҚ қауіпсіздік және салымшыларға қатысты алаяқтықтың алдын алу мақсатында төмендегілерді еске салады:

-Зейнетақы төлемдерін ресімдеу делдалсыз және комиссиясыз жүргізіледі;

-БЖЗҚ қызмет көрсету кезінде ақы алмайды, барлық төлемдер қатаң түрде заң бойынша жүзеге асырылады;

-Мемлекеттік органдардың, банктрдің, құқық қорғау құрылымдарының, байланыс операторларының және БЖЗҚ қызметкерлері ешқашан телефон, электрондық пошта немесе мессенджерлер арқылы дербес деректерді, банк карталарының деректемелерін, SMS-кодтарды және өзге де құпия ақпаратты сұратпайды;

-Егер қоңырау шалушылар Сіздің аты – жөніңізді атап, тұрғылықты мекенжайыңызды және жұмыс орныңызды білсе, бұл олардың ресми тұлға екендіктерін білдірмейді. Қажетті деректердің барлығын өртүрлі тәсілдермен алуға болады.

БЖЗҚ қатаң ескертеді! Ақпаратты ресми көздерден алыңыздар және тек заң шеңберінде әрекет етіңіздер.

Жақындарыңызды, әсіресе қарт туыстарыңызды ақпараттық қауіпсіздік ережелерімен таныстырыңыздар.

Сақтық шараларын алдын ала қабылдаңыз, осылайша сіз өзіңіздің жеке деректеріңіздің берік қорғалуын, қауіпсіздігін және құпиялылығын қамтамасыз етесіз.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, enpf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемінің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

# КӨПҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ


**Пәтер иелері де, тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының басшылары да өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамаған, өрескел бұзған жағдайда көппәтерлі, әсіресе көп қабатты тұрғын үйлер улы түтінге толы жойқын тұзаққа айналуы мүмкін екенін әрдайым есте ұстаған жөн. Пәтерден пәтерге балкондар/поджиялар, бөлмені заңсыз қайта құру, желдету қорабы арқылы тұрғын үй ғимараттарының ішіндегі өрт қауіпсіздігін бұзумен байланысты өрттің тез таралуына көптеген себептер болады. Егер тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының басшылығы, шеберлері тұрғын емес бөлмелердің, өртке қарсы тосқауылдардың, жалпы пайдаланатын алаңдар қорына кіретін инженерлік желілердің-кіреберістерден шатырларға, жер төселерге дейін жай-күйін қадағалауға, өрт туралы сигнал беру, түтін шығару, ішкі, сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелеріне уақытылы техникалық қызмет көрсетуге қадағалау тиіс болса; онда тұрғын үй иелері, жалға алушылар, кеңсе, сауда үй-жайлары өрт қауіпсіздігі ережелерін мүлткісіз сақтауға тиіс.**

- Көппәтерлі үйдің кіреберісінде тыйым салынады:
  - 1) жанғыш және жанбайтын материалдарды заттарды сақтауға, себебі бұл эвакуация жолдарын бітеп тастайды;
  - 2) лифт және баспалдақ аландарында, пайдаланылмайтын қоқыс құбырларының айналасында қоймалар ұйымдастыруға, пәтерлердің ішінде рұқсатсыз қайта құруға, сондай-ақ жалпы пайдаланылатын орындарда, кіріп - шығуды шектейтін металл торларды орнатуға;
  - 3) көп қабатты тұрғын үйлердің лоджияларына шығатын жерлерді үйіп тастауға, авариялық жолдардың люктерін, жауып тастауға;
  - 4) зақымдалған электр сымдарын пайдалану;
  - 5) тұрмыстық жылыту агрегаттарын, газ жылыту жабдықтарын қараусыз қалдыруға;
  - 6) тез тұтанғыш сұйықтықтарды, жанғыш сұйықтықтарды ластарды тазарту үшін пайдалануға, себебі бұл өртке әкелуі мүмкін;
  - 7) өз күштері мен мүмкіндіктерін асыра бағалауға;
  - 8) мүлікті құтқару арқылы өз өмірін қатерге тігуге;
  - 9) өрт сөндірушілерді алдын ала шақырмай, отты сөндірумен айналысуға;
  - 10) электр кернеудегі аспаптарды сумен сөндіруге;
  - 11) шкафтарда, қоймаларда, бұрыштарға және т.б. жасырынуға;

- Өрт кезіндегі тәртіп ережелері:
  - өрт немесе жану белгілері табылған кезде (түтін, күйік иісі, жоғары температура) тез арада 101,112 телефондары бойынша өртке қарсы қызметіне хабарлауға;
  - бұл ретте объектінің мекенжайын, өрт шыққан жерді атауға және өз тегін хабарлауға;
  - адамдардың өміріне қауіп төнген жағдайда, қолда бар күштер мен құралдарды пайдалана отырып, оларды құтқаруды дереу ұйымдастырыңыз қажет;
  - қолда бар алғашқы өрт сөндіру құралдарын (су, құм, қар, өрт сөндіргіштер, суға малынған мата материалдары) өрт сөндіру бөлімшесі келгенге дейін өртті сөндіру үшін пайдалану;
  - қарт адамдарды, балаларды, мүгедектерді және науқастарды қауіпті аймақтан тыс жерге шығарып тастаңыз.

**Қ. Әшімов**  
**Ескелді ауданы ТЖБ аға инженері**

# СПОРТ АРДАГЕРІНІҢ АҚЖАРМА ҚОЛДАУЫ



Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылының тұрғыны, спорт ардагері Бектенов Бахытжан Байтайұлы қысқы Олимпиада ойындарына қатысып жатқан Қазақстан спортшыларын қолдайтынын білдірді.

Көп жылдар бойы спорт саласында еңбек етіп, жас буынға үлгі болған ардагер ел намысын қорғап жатқан спортшыларға сәттілік тілеп, олардың әрбір жеңісі – бүкіл Қазақстан халқы үшін зор мақтаныш екенін атап өтті.

Бахытжан Байтайұлының айтуынша, халықаралық аренада көк туымыздың желбіреуі – спортшылардың табандылығы мен қажырлы еңбегінің жемісі. Ол қазақстандық құраманың биік белестерді бағындырып, жарқын жеңістерге жететініне сенім білдірді.

«Алға, Қазақстан!»

Жеңіс жолында тайсалмай, ел үмітін ақтаңыздар! – деді спорт ардагері.

Г.Омарова,

«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА ДЗЮДО КҮРЕСІНЕН ОБЛЫСТЫҚ ЧЕМПИОНАТ БАСТАЛДЫ

Ескелді ауданына қарасты Қарабұлақ ауылында дзюдо күресінен 2011–2012 жылы туған жасөспірімдер арасында Жетісу облысының чемпионаты салтанатты түрде бастау алды.

Аталған чемпионатқа Жетісу облысының әр өңірінен келген жас спортшылар қатысып, өзара мықтыны анықтауда. Жарыс барысында дзюдошылар жоғары дайындық деңгейін, шапшаңдық пен төзімділікті, сондай-ақ жеңіске деген жігерін көрсетті.

Бұл облыстық біріншілік жасөспірімдер арасында дзюдо спортын дамытуға, бұқаралық спортты кеңінен насихаттауға және болашағынан үміт күттіретін жас спортшыларды анықтауға зор мүмкіндік береді. Жарыс қорытындысы бойынша үздік атанған спортшылар алдағы республикалық жарыстарда облыс намысын қорғайтын болады.

Чемпионаттың жоғары деңгейде әрі әділ өтуі үшін ұйымдастырушылар тарапынан барлық қажетті жағдай жасалған.

Г.Омарова,

«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

# СЫРЫМБЕТ АУЫЛДЫҚ КІТАПХАНАСЫНДА АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІ – САҒАЛБАЕВ ЕРМЕК ЕРИКБАЕВИЧҚА «АУҒАН ДАЛАСЫНДА ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕНДЕР» АТТЫ ПАТРИОТТЫҚ САҒАТ ӨТКІЗІЛДІ


Ерлік пен елдік – халқымыздың қанына сіңген қасиет. Сол қасиеттің жарқын көрінісі – Отан алдындағы әскери борышын абыроймен атқарған Ауған соғысының ардагерлері. Солардың бірі – Сағалбаев Ермек Ериқбаевич. Ермек Ериқбаевич Кеңес әскерінің құрамында Ауғанстан жерінде болып, ел мен жер алдындағы міндетін адал орындаған жауынгер. Ауған соғысы – тарихтағы ең ауыр әрі күрделі кезеңдердің бірі. Бейтаныс елде, қиын табиғи жағдайда, күн сайын қауіп-қатермен бетпе-бет келу әрбір сарбаздан төзімділік пен батылдықты талап етті. Осындай сын сағатта Ермек Ериқбаевич жауынгерлік тәртіпті сақтап, ерік-жігері мен қайсарлығын көрсете білді. Соғыс жылдары ол қарулас жолдастарымен бірге әскери тапсырмаларды орындап, бірлік пен достықтың, жауапкершіліктің пен адалдықтың үлгісін көрсетті. Бұл жылдар оның өмірінде өшпес із қалдырды. Алайда соғыстың барлық ауыртпалығына қарамастан, ол елге аман-есен оралып, бейбіт өмірге араласты. Соғыстан кейін Ермек Ериқбаевич қоғам өміріне белсене қатысып, жас ұрпақты отансүйгіштікке, ерлікке, тәртіп пен жауапкершілікке тәрбиелеуге өз үлесін қосып келеді. Оның өмір жолы – кейінгі буын үшін үлкен өнеге, нағыз азаматтың бейнесі. Ауған соғысының ардагері Сағалбаев Ермек Ериқбаевич – ел тарихындағы ерлік шежіресінің бір парағы. Оның батылдығы мен қажыр-қайраты ешқашан ұмытылмайды. Біз ардагерлерді құрметтеу арқылы бейбіт өмірдің қадірін түсінеміз және болашақ ұрпаққа тыныштық пен татулықтың маңызын ұғындырамыз.



Бектуганова Р.А.  
Жанталинова Д.А

Сырымбет ауылдық кітапханашылары:

# «БАҚТЫБАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ, МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ 5 ТҮРІН ҰСЫНАДЫ



1. Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру.
2. Сауда-саттық (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекеттік меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарын алу.
3. Жер учаскелерін алу үшін кезекке қою.
4. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру.
5. «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату».

Электронды қызметтерді пайдалану үшін, біріншіден электрондық цифрлық қолтаңба болуы қажет(ЭЦҚ), цифрлық қолтаңбаны халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы немесе өзiне-өзi қызмет көрсету бұрышынан «Egov.kz» электронды веб-порталы арқылы алып, әр қарай флэш-карта немесе жеке куәлікке сақтап алуға болады.

Әкiмдiк ғимаратында өзiне-өзi қызмет көрсету бұрыштары бар, онда жұмыс уақытты кездерінде қажеттi қызметтердi ала аласыз. Электрондық порталмен жұмыс iстеу барысында қандайда бiр қиындықтар туындаса, әкiмшiлiк қызметкерлерiнен кеңес алуға болады немесе 1414 операторына хабарласу қажет.

Ш Махмут,

Бақтыбай ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы

# АНА ТІЛІМ – ҰЛТТЫҢ ЖҮРЕК ҮНІ

Ана тілі – халықтың жүрегінен шыққан үн, ғасырлар бойы үзілмей соғып тұрған рухани тамыр. Қазақ үшін ол – жай ғана қарым-қатынас құралы емес, тұтас бір ұлттың тағдыры мен тарихын, мінезі мен болмысын бойына сыйдырған қасиетті қазына. Ана тілім – қазақ тілі – сайын даладай кең, терең әрі дарқан.

Қазақ тілімен бірге халқымыздың күллі ғұмыры жасасып келеді. Қуанышта шаттыққа бөлеп, қайғыда жұбаныш болған да осы тіл. Батыр бабаларымыз елін қорғағанда ұранды да, ақын-жырауларымыз толғауын да қазақ тілінде төкті. Сөз арқылы рух көтеріліп, сөз арқылы ел бірлігі бекіді. Сондықтан да қазақ үшiн сөздiң салмағы ауыр, қадiрi биiк.

Қазақ тілінің көркемдігі – оның табиғи тазалығында, бейнелілігінде. Бір ауыз сөзбен терең ойды жеткізе білу – халқымызға тән қасиет. Мақал-мәтелдеріміз – өмірден алынған даналық, шешендік сөздер – парасаттың өлшемі. Ана тіліміздің әрбір сөзі – тарихтан жеткен тірі куә секілді, өткеннің ізі мен бүгіннің тынысын қатар сездіреді.

Тіл – ұлттың жадын сақтайтын рухани сандық. Егер тіл әлсіресе, ұлт та әлсірейді. Сондықтан ана тілін сақтау – ата-бабаның аманатына адал болу деген сөз. Бұл міндет бір күндік науқанмен немесе бір ұрпақтың күшімен атқарылатын іс емес. Ол – үздіксіз жалғасатын жауапкершілік. Тіл ең алдымен отбасында өмір сүреді, мектепте шыңдалады, қоғамда қанат жаяды.

Бүгінде қазақ тілі – тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілі. Бұл – тарихи әділеттің орнауы. Ендігі міндет – осы мәртебеге лайық деңгейге көтеру. Қазақ тілі заманмен бірге дамып, ғылымның, білімнің, мәдениеттің, технологияның тіліне айналуы тиіс. Ол үшін әр азаматтың тілге деген құрметі мен жанашырлығы қажет. Тілді дамыту – заңмен ғана емес, жүреппен атқарылатын іс.

Ұлт зиялылары қазақ тілінің болашағы үшін күресті, қаламын қару етті. Ахмет Байтұрсынұлы «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп бекер айтқан жоқ. Бұл сөз бүгін де өз маңызын жойған жоқ. Ана тілін қадірлеу – өткенге тағзым, бүгінге жауапкершілік, болашаққа сенім.

Ана тілім – қазақ тілі – ұлттың жүрек үні, рухтың тірегі. Оны құрметтеу – өзімізді құрметтеу. Қазақ тілі барда қазақ халқы бар. Сондықтан әрбір сөзімізді салмақтап айтып, тіліміздің тағдырына бейжай қарамайық. Ана тіліміз – мәңгілік елдің мәңгілік тілі болуға лайық.

Диана Дауренқызы

# ВНИМАНИЮ РУКОВОДИТЕЛЕЙ НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ!

Вниманию руководителей неправительственных организаций!

Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан, что с 1 января 2026 года начинается очередной срок представления сведений о деятельности неправительственных организаций в Базу данных НПО. В соответствии с пунктом 5 статьи 41 Закона Республики Казахстан «О некоммерческих организациях» сведения представляются ежегодно до 31 марта. Представление сведений в Базу данных НПО является обязательным условием для участия в конкурсах на реализацию социальных программ и (или) социальных проектов в рамках государственного социального заказа и государственных грантов, а также для участия в конкурсе на присуждение премии для НПО. Нахождение в Базе данных НПО предоставляет организациям возможность ознакомиться с успешными проектами НПО, обмениваться опытом, налаживать сотрудничество и партнерские связи. Сведения представляются в соответствии с Правилами представления неправительственными организациями сведений о своей деятельности и формирования базы данных о них.

Вы можете представить сведения о деятельности вашей организации одним из следующих способов:

через интернет-портал Базы данных НПО <https://esep.govtec.kz/npo> (авторизация на интернет-портале осуществляется с помощью ЭЦП юридического лица, полученной в ЦОНе);

в уполномоченный орган на бумажных и электронных носителях (в формате Word на CD-дисках или USB-флеш-накопителях) по почте либо нарочно (г. Астана, проспект Мәңгілік Ел, 8, «Дом министерств», подъезд 15).

При входе на интернет-портал Базы данных НПО <https://esep.govtec.kz/npo> вы можете ознакомиться с инструкцией, содержащей пошаговый алгоритм работы с порталом.

# НАВАРЛАНДЫРУ

Открыто наследственное дело на имя умершего - **Ертуарова Сандугаш Жумагелдина, дата смерти: 25 октября 2025 года.** Просьба наследникам обратиться по адресу: село Карабулак, улица Оразбекова, дом 25-34. Дополнительная информация по телефону: С.К. Нурғалиев - 87773720017

Открыто наследственное дело на имя умершего - **Амырбекова Зейнепхан Нурмолдановна, дата смерти: 18.08.2025 года.** Просьба наследникам обратиться по адресу: село Карабулак, улица Оразбекова, дом 25-34. Дополнительная информация по телефону: С.К. Нурғалиев - 87773720017

# Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет о начале подписной компании на 2026 год!

Наш ИНДЕКС:

Физ.лицо - 66535 Юр.лицо - 17535

Сумма подписки:

Физ.лицо: год – 6331,52тг Юр.лицо: год – 7267,52 тг

ПОДПИШИСЬ НА НАС!

Наш электронный адрес: [eskeldi\\_eli@mail.ru](mailto:eskeldi_eli@mail.ru)

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС

директор - бас редактор **Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА.**

Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: [Eskeldi\\_eli@mail.ru](mailto:Eskeldi_eli@mail.ru)

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.

Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы, Райымбека көшесі, 369-үй

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Карабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 226 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.

Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ